

«АҚ ЖОЛ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТЕДІ

5-бет



ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ – МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ

6-бет



ҰСТАЗДАН ҰЛАҒАТ

8-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ

QAZAQ ÚNI

25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni@mail.ru || 2000 jylǵy 11 tamyzdan shyǵa bastady || 15 (1196) 13.04.2026




## СОЛ КЕЗДІҢ ӨЗІНДЕ ҰЛТШЫЛ ЕДІ

**Шәкен Аймановты қазіргі интернеттің иіріміне түсіп кеткен ұрпақ білмеуі немесе «старомодный» деуі әбден мүмкін. Дейді демейміз, әбден мүмкін дейміз. Ал, шын мәнінде Айманов кім?**

14 бет

# БҰЛ – КЕМЕНІҢ СОҢҒЫ СОҚҚАН SOS ДАБЫЛЫ!




**Ұлтты ұйыстыратын уағыздың орнына у ағызып, ұлтқа қарсы шығып отырғандарды қалай ұстаз деуге болады? Уағызды кім көрінген айту қашан тоқтайды?**

13 бет







050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, К. Сейітов көшесі, 11 үй. Байланыс телефоны: 8 (727) 398-57-31 Жазылу индексі – 65380

## ПРЕЗИДЕНТ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

**Кездесу барысында Еуразиялық даму банкінің кейінгі 20 жылда атқарған жұмыс нәтижесі және инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту перспективасы талқыланды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**



Мемлекет басшысы қаржы институтының негізі қаланғанына 20 жыл толуымен құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық даму банкі стратегиялық маңызы бар жобаларды іске асыруда Қазақстанның басты серіктестерінің бірі екеніне назар аударды.

Николай Подгузов Мемлекет басшысына ЕАДБ болжамын таныстырды. Соған сәйкес, биыл еліміздің ішкі жалпы өнімінің өсімі 5,5 пайыздан кем болмайды. Бұған инвестицияның қарқыны, ауқымды инфрақұрылымдық бағдарламалар, сондай-ақ ішкі сұраныс пен әлеуметтік көрсеткіштердің тұрақтылығы әсер етеді.

Президентке банктің 2022-2026 жылдар аралығында жүзеге асырған стратегиясы аясында жалпы инвестиция көлемі 9,2 миллиард долларға жеткені жөнінде мәлімет берілді. Қазақстан экономикасына 5,2 миллиард доллар қаржы құйылды. Бұл – банктің өткен 15 жылда салған инвестициясымен парапар.

Атап айтқанда, 2,1 миллиард доллар өнеркәсіпті дамытуға, 1 миллиард доллар энергетика саласына, 1 миллиард доллар көлік инфрақұрылымына, 1,1 миллиард доллар қаржы секторына бағытталды. Цифрландыруды дамытуға және жасанды интеллект технологиясын енгізуге айрықша мән беріліп отыр.

Мемлекет басшысы қаржы институты қызмет көрсететін аймақтардың айтарлықтай кеңейгенін атап өтті. Президенттің пікірінше, бұл жаңа бастамаларды іске асырып, өңірлік экономикалық интеграцияны нығайтуға ықпал етеді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Николай Подгузов Қазақстан экономикасын орнықты дамыту мақсатында стратегиялық серіктестік пен инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі арттыруға ниетті екенін растады.

## ҚЫЛМЫС ЖАСАУШЫЛАР АЗАЙДЫ

Ішкі істер министрлігінде өткен кеңейтілген алқа отырысында 2026 жылдың бірінші тоқсанындағы жедел қызмет қорытындысы шығарылды.



Жұмыстың негізгі бағыты ретінде конституциялық деңгейде бекітілген «Заң мен Тәртіп» қағидаты айқындалды. Мемлекет басшысының сөздеріне сүйене отырып, Ішкі істер министрі Ержан Саденов Заң мен Тәртіп идеологиясы қоғамның барлық саласында негізгі басымдыққа айналуы тиіс екенін жеткізді. Бұл құқықтық сананы нығайтуды және заңды бұлжытпай сақтауды талап етеді.

Аталған кезеңде өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қылмыс деңгейі 9%-ға немесе 2150 қылмысқа азайған. Қылмыстың төмендеуі барлық негізгі санаттар бойынша байқалады. Бұрын сотты болғандармен, кәмелетке толмағандармен, мас күйінде, қоғамдық орындарда және тұрмыста жасалатын құқықбұзушылықтар саны төмендеген. Сонымен қатар барлық санаттағы қылмыстардың ашылу деңгейі артқан.

— Интернет-алаяқтық фактілері де азайған. Қылмыстың бұл түрі бойынша ашылу көрсеткіші артты. Аккаунттарды бұзу, криптовалюталар, онлайн-қарыздар және жалған интернет-ресурстарға байланысты алаяқтықтар саны қысқарған. 3,6 млн астам әкімшілік құқықбұзушылықтың жолы кесілді, бұл олардың ауыр қылмыстарға ұласуының алдын алуға мүмкіндік берді. «Таза Қазақстан» қағидаты аясында 722 мыңнан астам құқық бұзушылық анықталып, 3 мыңнан астам заңсыз қоқыс орындары жойылды, — делінген хабарламада.

Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, қылмыстық істерді тергеуде созбалаңдыққа жол бермеуге, халықтың барлық өтініштері мен шағымдарына жедел әрекет етуге ерекше назар аударылды.

Отырыста аумақтық бөліністер мен орталық аппарат қызметтері басшыларының есептері тыңдалды. Анықталған кемшіліктер көрсетіліп, оларды жедел жою және елдегі құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша нақты шаралар қабылдау міндеті қойылды. Қызметтік тәртіптің жай-күйі мен атқарылған жұмыстардың нәтижелері үшін басшылардың жеке жауапкершілігі ерекше атап өтілді.

## АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫН ПАШ ЕТТІ

**ҚР Ұлттық кітапханасында көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің 90 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кеш өтті. Іс-шараға ақын-жазушылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен кітапхана оқырмандары қатысты. Бұл туралы Мәдениет және ақпарат министрлігі хабарлады.**



Мерейтой аясында «Ұлт игілігі – ұлттық мұра» атты кең көлемді әдеби көрме ұйымдастырылды. Көрмеде Олжас Сүлейменовтің шығармашылық мұрасы, алғашқы басылымдары, сондай-ақ ақынның өмірі мен қызметіне арналған мерзімді баспасөз жарияланымдары ұсынылды.

Сонымен қатар әр жылдары жазылған туындыларды қамтитын «Книга поэм» атты жинақтың тұсаукесері өтті. Жинақта автордың уақыт, қоғам, тарих және адам тағдыры туралы терең толғамдары көрініс тапқан. Іс-шара соңында ақынның өмірі мен шығармашылық жолына арналған режиссер Игорь Гонопольскийдің «Людям я не лгал...» деректі фильмі көрсетілді.

**qazaquni.kz**

### АСТАНАЛЫҚТАР ТЕГІН ЗАҢГЕРЛІК КЕҢЕС АЛДЫ

**Астанада Есіл ауданы прокуратурасының бастамасымен құқықтық сауаттылықты арттыруға және азаматтардың білікті заң көмегіне қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған «Халық заңгері» әлеуметтік акциясы өтті, деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты.**

Іс-шара «Керуен» сауда ойын-сауық орталығында «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында өтті.

Акцияның басты мақсаты — елорда тұрғындарына тегін заңгерлік кеңес беру, өзекті құқықтық мәселелерді жедел шешуге көмектесу, сондай-ақ заңнаманы одан әрі талдау мен жетілдіруді талап ететін жүйелі проблемаларды анықтау.

Алаң жұмысына 20-ға жуық мемлекеттік орган, қоғамдық бірлестіктер мен бейінді ұйымдар қатысты.

— Мамандар азаматтарға тұрғын үй құқығы, әлеуметтік қамсыздандыру, еңбек қатынастары, отбасы заңнамасы және басқа да бағыттар бойынша кеңес берді. Акция аясында 100-ден аса адам заңгерлік қолдау алды, — делінген хабарламада.

Акция елорданың барлық ауданында өз қызметін жалғастырып, елорданың әрбір тұрғыны үшін білікті заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Осыдан бұрын Астанадағы жол жөндеу жұмыстарына байланысты полиция жүргізушілерге үндеу жасады.

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕ ӨСТІ

**2025 жылы Қазақстанда ауылдық жерлерде тапшы мамандықтар бойынша жұмысқа орналасқан дәрігерлерге көрсетілетін әлеуметтік қолдау көлемі екі есеге артып, 2,2 млрд теңгеден 4,5 млрд теңгеге жетті. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрлігі хабарлады.**

Сонымен қатар, шамамен 24 мың медицина қызметкері республикалық және жергілікті бюджет есебінен біліктілігін арттырды.Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, медицина қызметкерлерін қолдау – мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі. Қабылданып жатқан шаралар дәрігерлердің әлеуметтік қорғалуын күшейтіп, кәсіби дамуына және өңірлерде жұмыс істеуге ынтасын арттыруға бағытталған.

2025 жылы 529 дәрігер 4,5 млрд теңге көлемінде әлеуметтік қолдау алды. Ал 2024 жылы 254 дәрігерге 2,2 млрд теңге бөлінген. Ауылдық жерлерге келген мамандарға бірқатар қосымша қолдау шаралары қарастырылған. Олардың қатарында тұрғын үй алуға немесе салуға жеңілдетілген бюджеттік несие, көтерме жәрдемақы, балаларына балабақшадан басым орын беру, жоғары оқу орындарына конкурстан тыс қабылдау, әскери қызмет бойынша жеңілдіктер, көлік шығындарын өтеу және өзге де әлеуметтік қолдаулар бар.



2025 жылы 1760 дәрігер түрлі әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылды, оның ішінде 727 дәрігерге қызметтік тұрғын үй берілді, 1714 дәрігер көтерме жәрдемақы алды, 210 маманға коммуналдық шығындар өтелді. Ауылдық жерлерге келген 1005 дәрігер де қолдауға ие болды.

Медицина қызметкерлерінің құқықтарын қорғау мақсатында 2026–2028 жылдарға арналған салалық әлеуметтік әріптестік келісімге қол қойылды. Сонымен қатар «Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері» құрметті атағы енгізіліп, 1000 АЕК көлемінде біржолғы ынталандыру қарастырылды.

«Мамандығы бойынша үздік» республикалық байқауының жеңімпаздарына да 500 АЕК сыйақы белгіленген.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О.А. БЕКТЕНОВКЕ

**Шағын және орта бизнес кластерінің үлгісінде (Qarmet АҚ базасында) металлургиядағы терең өңдеуді дамыту керек. Бұл туралы депутаттық сауалды ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев жолдады.**




Биылғы жылдың 10 ақпанында Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев инвестиция тарту мәселесін экономиканың өнеркәсіптік негізін қалыптастырумен тікелей байланыстыра отырып, индустрияның негізгі осалдығы – шикізат өндірушілердің басымдығында екенін атап өтті. «Өңдеуші өнеркәсіп өнімінің 40 пайыздан астамы металлургия саласына тиесілі. Сонымен қатар, металлургия экспортының жартысынан көбі төмен деңгейде өңделген өнімдерге келеді. Нәтижесінде біз бастапқы өңделген өнімдерді экспорттап, жоғары деңгейде өңделген тауарларды импорттауды жалғастырып отырмыз... Бұл тәжірибе тоқтатылуы тиіс» - деді президент.

Айта кету керек, 2024 жылы отандық өнеркәсіпті шикізат пен материалдармен қамтамасыз ету бойынша Президент тапсырмаларын орындау мақсатында «Ақ жол» фракциясының бастамасымен «Өнеркәсіптік саясат туралы» заңға металлургиялық өнімнің тек отандық өңдеушілер сұраныс білдірмеген көлемдерін ғана экспортқа бағыттау жөніндегі талаптар енгізіліп, Парламент тарапынан қабылданды.

Алайда ЕАЭО СЭҚ ТН кодтары бойынша тауарларды жіктеу жүйесін нақтылау барысында бұл норма бастапқы өңдеу өнімдеріне (дайындамалар, слябтар, прокат және басқа да жартылай фабрикаттар түрінде) қолданылмады. Ал Мемлекет басшысы атап өткендей, дәл осы өнімдер қазіргі таңда экспортта басым үлеске ие. Бұл мәселенің екі ықтимал шешімі бар:

біріншісі – бастапқы өңделген металл өнімдерінің экспортын шектеу. Алайда Мемлекет басшысы жаңа шектеулер саланың дамуына кері әсер етуі мүмкін екенін орынды атап өтті. Немесе кейінгі өңдеу сатыларын дамыту. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, мұндай жобалардың шикізат өндірушілермен тікелей ұйымдастырушылық байланыссыз тиімділігі төмен болып келеді.

Осыған байланысты мәселені тек шектеу шаралары арқылы шешу мүмкін емес, ол ел ішінде шикізатты терең өңдеуге қолайлы әрі икемді жағдайлар жасауды талап етеді.

Біздің ойымызша, ең тиімді әрі икемді тәсіл «Qarmet» АҚ-да қалыптасқан. Онда шағын және орта бизнеске арналған өндірістік кластер белсенді түрде дамып келеді және ол екі бағытты да қамтиды:

- комбинат өнімдерін (металлпрокатын) әрі қарай өңдеу;

- комбинаттың өзіне қажетті тауарларды өндіру.

Сонымен қатар, «Бәйтерек» инвестициялық холдингімен жасалған келісімдер аясында мұндай жобаларды оффтейк-келісімшарттар кепілдігімен жеңілдетілген несиелеу мүмкіндігі қарастырылған, бұл ШОБ үшін жүктемені едәуір азайтады.

Айта кету керек, кәсіпорынның жылдық сатып алу көлемі 600 млрд теңгеден асады, оның шамамен 80 пайызы отандық жеткізушілерге тиесілі. Ал ШОБ кластері аясында әрі қарай өңдеуге жарамды өнім көлемі бұдан бірнеше есе көп.

Локализацияға арналған шамамен 160 тауар позициясының тізімі қалыптастырылған, өңдеуші өндірістерді орналастыруға қажетті инфрақұрылым жасалған, сондай-ақ бизнес үшін ұзақ мерзімді тапсырыстарға қолжетімділік қамтамасыз етілуде.

2026 жылғы ақпанда «Ақ жол» демпартиясы ұлттық бизнестің өкілі ретінде еліміздің түрлі өңірлерінен келген жүзге жуық кәсіпкердің комбинатқа сапарын ұйымдастырды. Онда кәсіпкерлерге серіктестік пен кластерге қосылудың түрлі нұсқалары ұсынылды. Келіссөздер нәтижесінде өзара қызығушылық тудырған бірқатар жобалар айқындалды.

Жинақталған тәжірибені ескере отырып, қазіргі жағдайда бұл тәсіл ең тиімді деп санаймыз, себебі ол шикізатты терең өңдеуді дамытуға, өндірістік кооперацияны қалыптастыруға және ұлттық экономиканың өнеркәсіптік негізін нығайтуға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, «Ақ жол» фракциясы келесіні қажет деп санайды:

1) «Qarmet» АҚ үлгісі бойынша кластерлік модельді елдің қара және түсті металлургия саласындағы барлық ірі кәсіпорындарында енгізу үшін кеңейту, сонымен қатар отандық өңдеуші кәсіпорындармен ұзақ мерзімді өндірістік кооперация негізінде металдарды терең өңдейтін өндірістерді міндетті түрде құру;

2) Аталған кластерлерді «Бәйтерек» инвестициялық холдингі құралдары арқылы ынталандыру тетіктерін қарастыру;

3) Шикізат алпауытарының экспортын ашық етуді қамтамасыз ете отырып, орта мерзімді кезеңде бастапқы өңделген материалдар үлесін кезеңкезеңімен азайтып, жоғары деңгейде өңделген өнім экспортын арттыру.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракциясының депутаттары**
**А.Перуашев,**
**Д.Еспаева,**
**Е. Барлыбаев,**
**Қ.Иса,**
**С.Ерубаев,**
**О.Нұралдинов**



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ О. БЕКТЕНОВКЕ

# АГЛОМЕРАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТҚАН ЖӨН

**«Ақ жол» партиясының агломерация мәселесі бойынша депутаттық сауалын ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» ҚДП фракциясының мүшесі Серік Ерубаев жолдады.**

2023 жылғы 1 қаңтарда «Агломерацияларды дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Аталған заң ірі қалалар мен оларға іргелес аумақтардың дамуы арасындағы жүйелі теңгерімсіздікті жоюға, инфрақұрылымды кешенді дамытуға және агломерацияларды экономикалық өсудің, инвестициялар мен жұмыспен қамтудың драйверлері ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Оны іске асыру шеңберінде бірінші және екінші деңгейдегі агломерациялар айқындалып, мемлекеттік органдардың, мәслихаттардың, бизнес пен ғылым өкілдерінің қатысуымен агломерациялық кеңестер құрылды.

Алайда 2025 жылдың басында «Ақ жол» партиясы депутаттары тек Астана қаласы маңындағы (Қоянды, Талапкер, Нұресіл) елді мекендерге жасаған жұмыс сапарында, 2023 жылдан бастап шешіле бастауы тиіс мәселелер сақталып қана қоймай, тұрақты әрі созылмалы сипатка ие болғанына көз жеткізді.

Осыған байланысты 2025 жылғы 19 ақпанда «Ақ жол» фракциясы заңның іске асырылу барысы мен қабылданған шаралар туралы Үкіметке депутаттық сауал жолдады.

Алынған жауапта: 5 агломерациялық кеңес құрылып; триллиондаған теңге көлемінде (оның ішінде Алматы бойынша шамамен 3,3 трлн теңге, Астана бойынша 1,1 трлн теңгеден астам) қаржы бөлініп қала маңы инфрақұрылымын дамытуға арналған жүздеген іс-шараларды іске асыру көзделген делінген.

Ал, мәлімделген қаржыландыру көлемдеріне және ұсынылған есептерге қарамастан, жергілікті жерлердегі нақты жағдай іс жүзінде өзгерген жоқ.

Ірі қалалардың айналасында халық тығыз орналасып, әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымы жеткіліксіз «ұйықтаушы аймақтарға» айналған. Сондықтан тұрғындар базалық қызметтерді қалалардан алуға мәжбүр болып, олардың инфрақұрылымына қосымша жүктеме түсіруде.

Денсаулық сақтау және жедел әрекет ету салаларындағы жағдай ерекше алаңдаушылық туғызады. Бірқатар қала маңындағы елді мекендерде медициналық мамандар мен жедел қызметтер бөлімшелері жоқ. Жедел жәрдем және өзге де қызметтерді шақыру алыс орналасқан аудан орталықтарынан жүзеге асырылады, кей жағдайларда ондаған, тіпті жүздеген шақырым қашықтықтан келеді. Бұл жедел әрекет етуді іс жүзінде мүмкін емес етіп, азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіреді.

Сонымен қатар, бюджетаралық теңгерімсіздік байқалуда: тұрғындар қалада жұмыс істеп, салықтарды сол жерде төлейді, тиісінше қалалардың салық базасын қалыптастырады, ал жолдар, мектептер, медициналық ұйымдар мен коммуналдық инфрақұрылымға жұмсалатын шығындарды олардың нақты тұрғылықты жерінің бюджеттері көтереді.

Осылайша, мемлекеттік органдардың есептері мен нақты жағдай арасында айқын алшақтық бар, бұл жүргізіліп жатқан бағдарламаның тиімсіздігін, сондай-ақ бюджет қаражатын жұмсауға тиіс үйлестіру мен бақылаудың жеткіліксіздігін көрсетеді.

2023 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында Президент Қ.Қ. Тоқаев «адамдар инфрақұрылымға емес, инфрақұрылым адамдарға» қағидатын сақтау және перспективалы ауылдық аумақтарды өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес дамыту қажеттігін нақты атап өткен болатын.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Ақ жол» ҚДП фракциясы төмендегілер бойынша түсіндірме беруді талап етеді:

1) Агломерациялық кеңестер құрылған сәттен бастап қандай нақты инфрақұрылымдық шешімдер мен жобалар іске асырылды?

2) Үкіметтің бұрынғы жауабында көрсетілген триллиондаған бюджет қаражаттарының, сондай-ақ жеке инвестициялардың қандай көлемі нақты игерілді?

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары**
**С. Ерубаев**
**А. Перуашев**
**Д. Еспаева**
**Е. Барлыбаев**
**Қ. Иса**
**О. Нұралдинов**

**Бүгін 2026 жылдың 8 сәуірінде ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса Қазақстандағы діни теріс ағымдардың күшеюін ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер деп санап, зор қауіптің алдын алу үшін радикалды ұйымдарға заңмен қатаң тыйым салуды талап етті.**

**ҚР Бас прокуроры Б.Асылов пен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасы Е.Сағымбаевқа жасалған депутаттық сауалда Бас Прокуратура мен құзыретті органдар тарапынан нақты іс пен оңды нәтиженің жоқтығы сыналып, ұлттық дәстүрлі құндылықтарды қорғау, қоғамдық тұрақтылықты сақтау және дерадикализация жұмыстарының тиімділігін арттыру қажеттігін атап өтті.**



# ҚАЗЫБЕК ИСА: БҰЛ – КЕМЕНІҢ СОҢҒЫ СОҚҚАН SOS ДАБЫЛЫ!

Осыдан 10 жыл бұрын, 2016 жылы діни радикализмге заңмен тыйым салмақ болғанда, барлығы қолдағанда, тек Ұлттық Қауіпсіздік комитеті қарсы шығып, осы тыйым салу заңға енбей қалды. Ал бұл жолы кім кедергі жасап отыр?

Заң сақталуы тиіс сот ғимаратында қара жамылғандар қаптап жүрсе, басқа жерде басқа шықпағанда қайтеді олар? Сот қандай заңға сүйеніп сотқа кіргізген оларды?

Біз қоғамдағы өте күрделі мәселеге айналған бұл кесепаттың күнде, әр үйде, әр отбасында кездесуін күтіп, қол қусырып қарап отыра береміз бе?

Сан ғасыр ата-бабасы ұстаған асыл салт-дәстүрден безіп, ұлтқа қарсы шығатын, терісіне сыймай тепсініп тұратын "мұртсыз сақалдарды" көргенде, ұлтсыз шақарларды көргендей боласың?!.

Наурызға, Ұлттық дәстүрімізге, ұлттық ұғымымызға қарсылық - ұлтқа, мемлекетке ашық қарсы шабуыл!

Ендеше біз неге қазаққа қарсы ашық шабуылға қол қусырып, қарап отыруымыз керек?!.

Елге тигізер есепсіз пандемиялық ылаңы шектеусіз екі аяқты вирустар алдында біздің ұлттық ақпараттық қауіпсіздігіміз дәрменсіздік танытуда.

Ұлтты ұйыстыратын уағыздың орнына у ағызып, ұлтқа қарсы шығып отырғандарды қалай ұстаз деуге болады? Уағызды кім көрінген айту қашан тоқтайды?

Терісін ауыстырып алған теріс ағымдағылар елді екіге бөліп, мылтықсыз майданда мыңдаған жастарымызды қазақтың қатарынан шығарып қана қоймай, ұлтты жою үшін қазаққа қарсы қауіпті күштерге айналдырып жатыр.

**Әкесі тәңірші, ұлы уахабист, келіні кришнайт, қызы иегованы иектеп жүрген отбасылардың ауыр жағдайы сол отбасылардың трагедиясы ғана емес, ертең мемлекеттің күрделі мәселесіне айналатыны анық!**

Тарихта еліне барлық күмәнді діни ағымдарды кіргізген көп дінді, билеушілері мен күзетшілеріне дейін өзге тілде сөйлейтін көп тілді елдер картадан жойылып кетті! Біздің ел бұдан сабақ ала ма, жоқ па?

Заңмен тыйым салу – бұл бостандықты шектеу емес, қауіптің алдын алу.

Бұл - дінге қарсы емес, керісінше, дәстүрлі дінді қорғау үшін теріс мақсатты ағымдар мен ұйымдарға қарсы бағытталатын заң болуы тиіс!




## ДІНИ ТЕРІС АҒЫМДАРҒА ЗАҢМЕН ҚАТАҢ ТЫЙЫМ САЛАТЫН КЕЗ ЖЕТТІ!

### ДІНИ ТЕРІС АҒЫМДАРҒА ЗАҢМЕН ТЫЙЫМ САЛУ - ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ

**ҚР Бас Прокуроры Б.Асыловқа**
**ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті төрағасы Е.Сағымбаевқа**

Осыдан 3 жыл бұрын да біз осы парламентте діни теріс ағымдарды заңмен тыйым салу туралы көтергенбіз. Содан бері не болды, нәтиже қайда? Қайта теріс ағымдар бұрынғыдан бетер күшейіп бара жатқанын көріп, біліп отырмыз бәріміз. Сонда біз бұл мәселені не үшін парламентте көтеріп жүрміз егер бұған билік, үкімет, тікелей жауапты Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Бас прокуратура, құқық қорғау органдары нәтиже шығармаса.

Тағы да қайталаймыз, осыдан 10 жыл бұрын, 2016 жылы бұл мәселені билік те қолға алып, діни радикализмге заңмен тыйым салмақ болғанда, барлық министрлік пен Бас прокуратура, Жоғары сот та қолдағанда, тек Ұлттық Қауіпсіздік комитеті қарсы шығып, осы тыйым салу заңға енбей қалды. Біз мұны сол кезде "Қазақ үні" газетінде қатты сынап: "Ұлттық қауіпсіздік комитеті - ұлтқа қауіпті комитет пе?"-деп, мақала жаздық.

Ал бұл жолы кім кедергі жасап отыр?

Өткенде елді шулатқан екі келеңсіз жайтты жақсы білесіздер. Оның біреуі қазақтың қасиетті мейрамы Әз Наурызға қарсы қара ниетті біреудің қатты шабуылы! Екіншісі, өзіне ұнамаған әйелін ат ауыстырғандай көңілі қалаған адамға сыйлай салған атышулы имам.

Бұл «сақалы бар, мұрты жоқ» екеудің ісі жайлы әріптесім Ермұрат Бәпи жеткілікті айтты.

Ал, кеше ғана Ақтөбеде сотталушылардың әйелдері сотқа никаб киіп келді. «Оларды сол беттерін бүркеген күйі сот ғимаратына кіргізді. Никабпен отырып, сотталушының заңды өкілі болуға рұқсат етілді. Ескерту жасалмады» деп жазады Ulysmedia.kz. Қоғамдық орында бетті бүркемелеген киім киюге тыйым салған 2025 жылғы 30 маусымдағы заң қайда? Заң сақталуы тиіс сот ғимаратында қара жамылғандар қаптап жүрсе, басқа жерде басқа шықпағанда қайтеді? Сот қандай заңға сүйеніп сотқа кіргізген оларды? «Қандай жақсы заң болса да, оны орындайтын шенеунік нашар болса, нәтижесі дұрыс болмайды» деген сөз бекер айтылмаған екен...

Осы уақытқа дейін дерадикализацияға арналып бөлінген миллиардтаған қаржы өз мақсатына жұмсалды ма, нәтижесі мен есебі қайда? Қағазда қатып тұған шығар, бірақ өмірде ешқандай жетістік көріп отырған жоқпыз!

«Айқайлай-айқайлай қасқырдан да ұят болса да», тағы да қайталаймыз.

Кешегі қылышынан қан тамған кеңес империясы кезінің өзінде Оразасын ұстап, намазын оқып, Наурызын тойлап өскен өңірде, Әзіреті бар елдің әділеті сақталарын отырып, сабақ алудың орнына санақ алып отыра беру қашанғы жалғасады

Біз қоғамдағы өте күрделі мәселеге айналған бұл кесепаттың күнде, әр үйде, әр отбасында кездесуін күтіп, қол қусырып қарап отыра береміз бе? Қазірдің өзінде кеш қалғанымыз айқын. Бірақ кеш қалсақ та, еш қалмау үшін енді заңды қарекетке батыл кірісу керек!

### ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМҒА ҚАРСЫЛЫҚ - ҰЛТҚА ҚАРСЫЛЫҚ

Ұлттық ұғымға қарсы желіде желпініп отырғандардың тамырымызды жегіқұрттай жеп жатқанына ешкім де көлденең көрермен болып отыра алмайды, бәріміз де ертең тақсыретін тартуымыз мүмкін.

Сондықтан Атазаңымызға айқын жазылған мемлекеттің зайырлы болуы қайырлы боларын нақты іспен көрсетуіміз керек.

**Қоғамдағы діни келеңсіздіктің көбісі мұртсыз сақалды топтардан шығып жатыр. Мен өткен жылдары да айтқан едім, сақалы бар, мұрты жоқ Абылай, Абай, Жамбыл, Махамбетті көрген бе едік деп. «Сақал ердің көркі» деген қазақ бірақ мұртсыз сақал қоймаған.**

көріп өскен ұл болғандықтан, дін мен тіл тұтастығы діл беріктігінің кепілі екеніне көзіміз айқын жеткен. Сондықтан бұл тұтастық берік болмағандықтан, ділі мен тілі әлсіздерді ұлтқа қарсы қауымға айналдыру қатты қарқынмен жүріп жатыр.

Иә, күшті ұлттық идеология болмағандықтан, ішкі тұтастықтың іруі ұлттық ұстынымыздың шіруіне жалғасады. Ал ол Ұлттық қауіпсіздік мәселесі екенін басымыздан өткен Қаңтар қасіреті айқын көрсетті.

Ауыр қасіретті бастан кешіріп

Өзге елдерге еліктеп, мұртсыз сақал қоюға, қара жамылып, қара киіммен басы-көзін қымтанып жүруге неге құмармыз?!. Ұлдарымыз түгілі, қыздарымыз да қазақы әдемі киіммен, ашық дидарымен атқа шапқан ел емес пе едік?!.

Сан ғасыр ата-бабасы ұстаған асыл салт-дәстүрден безіп, ұлтқа қарсы шығатын, терісіне сыймай тепсініп тұратын "мұртсыз сақалдарды" көргенде, ұлтсыз шақарларды көргендей боласың?!.

Кейде осы, мұртты құрту ұлтты құртудың басы емес пе деген де ойға кетесің...

Наурызға, Ұлттық дәстүрімізге, ұлттық ұғымымызға қарсылық - ұлтқа, мемлекетке ашық қарсы шабуыл!

Ендеше біз неге қазаққа қарсы ашық шабуылға қол қусырып, қарап отыруымыз керек?!.

### УАҒЫЗДЫҢ ОРНЫНА У АҒЫЗҒАНДАРДЫ ҚАЛАЙ ҰСТАЗ ДЕУГЕ БОЛАДЫ?!.

Әлеуметтік желілерде қазаққа қарсы теріс пиғылдылар әрбір:

-Ұлттық мүддеге қарсылық,

-Ұлттық тұтастыққа іріткі салу,

-Ұлттық ұстанымдарды жоққа шығару,

-Исламның дәстүрлі Ханафи мазхабына тас ату және

-Ұлттық мүддені қорғап жүрген қоғамдық, рухани ұлт қайраткерлеріне күйе жағу арқылы қоғамға ықпалы зор тәлімді тұлғалық институтты ыдырату әрекеттерін жасауда. Осындай елге тигізер есепсіз пандемиялық ылаңы шектеусіз екі аяқты вирустар алдында біздің ұлттық ақпараттық қауіпсіздігіміз дәрменсіздік танытуда. Сондықтан, Ел түбіне жетер қауіпті індетке шұғыл заңмен қатаң тосқауыл қоятын кез жетті! Жетті емес, өтіп барады...

Осындай кесірінен Ұлтынан, дәстүрлі дінінен безгендер, иман келтіріп, әруақ тербеген ата-бабасын ақымақ, әке-шешесін айкәпір көргендер өз тамырын өздері отап жатқандарын сезбейтіндер!

**Тағы да қайталаймыз, өткен 30 жылдық теріс саясат қазақтың «нұр» деген жалынды сөзін жағымсыз сөзге айналдырып жіберсе, теріс ағымдағылар тіпті, ең қымбат, «ана» деген аяулы атпен қатар аталатын «шеше» деген қастерлі атауға қара күйе жағып, «ұстаз» деген ұлағатты ұғымның мәнін құртты.**

Ұлтты ұйыстыратын, жұртты көркем мінезді имандылыққа шақыратын уағыздың орнына у ағызып, ұлтқа қарсы шығып отырғандарды қалай ұстаз деуге болады? Уағызды кім көрінген айту қашан тоқтайды? Оларға Қазақстан діни басқармасы қандай шешім, қандай бәтуа шығарып отыр?

Тіпті ең қасиетті болып саналатын асыл дініміз исламды ең қауіпті ағымға айналдыру үшін барын салып жатқандар қазір қайтадан күшейіп келеді. Терісін ауыстырып алған теріс ағымдағылар елді екіге бөліп, мылтықсыз майданда мыңдаған жастарымызды

қазақтың қатарынан шығарып қана қоймай, ұлтты жою үшін қазаққа қарсы қауіпті күштерге айналдырып жатыр.

**БҰЛ БІЗДІҢ СОҢҒЫ МҮМКІНДІГІМІЗ...**

Батыстың өзінде, мысалы Испанияда халықтың дәстүрлі діни сенімін құрметтеп, Құранға, Мұхаммед пайғамбарға тиіскендерді заңды түрде соттап, түрмеге жауып жатыр. Ал біздің құдайдан қорықпайтындар желілерде желігіп, Аса Құдыретті Алланы, қасиетті Құранымыз бен пайғамбарларға қарсы шығып, ауыздарына келгенін айтуда? Адастыру арқылы дәстүрлі ислам дініне қарсы күрес жүргізуде. Діни сенім мен құндылықтарға күмән туғызып, ұлттық сананы тұмшалап, манипуляция жасауға тырысуда. Олар ұлттық идеология мен дәстүрлі дін арасында шиеленіс тудырып, діни алауыздық арқылы қазақты іштен ірітіп барады.

Қасиетті ислам қағидаттары мен шариғаттарын таптап, қолдан жалған пайғамбарлар жасап алған сұмдықтарына тиісті орындар неге көз жұмып қарап отыр?

**Әкесі тәңірші, ұлы уахабист, келіні кришнаит, қызы иегованы иектеп жүрген отбасылардың ауыр жағдайы сол отбасылардың трагедиясы ғана емес, ертең мемлекеттің күрделі мәселесіне айналатыны анық! Ендеше, енді тағы кімге қарап, кімнің бәтуасын күтіп отырмыз?!.**

Тарихта еліне барлық күмәнді діни ағымдарды кіргізген көп дінді, билеушілері мен күзетшілеріне дейін өзге тілде сөйлейтін көп тілді елдер картадан жойылып кетті! Біздің ел бұдан сабақ ала ма, жоқ па?

«Мемлекет діннен бөлек» деп, көз алдында іргеміздің шайқалып жатқанына қол қусырып қарап отыру - ел тағдырын қарсы күштерге беріп қойып, жеңілетінін алдын ала мойындау. Қауіптің қайдан келетінін жақсы білетін, Дін саласында бізден көшілгері көрші туыс ел өзбектер бұрын да теріс ағымдардың тайраңдауына қатаң тыйым салған еді. Кейін тағы да дін туралы заңын қатаңдатты. Осы діни діңгегі мықты Өзбекстан өнегесін неге пайдаланбаймыз? Олар діні мен тілі берік елдің ділі де берік екенін айқын көрсетіп отыр. Теріс діни ағымдардың бәріне заңмен қатаң тыйым салып, ынтымақты ырыс-құтқа, тыныштыққа жетіп, берекелі бейбіт күн кешіп отыр.

**Әлемде Германия, Франция, Ұлыбритания және т.б көптеген дамыған елдерде радикалды ұйым-дарға заңмен тыйым салынған. Бұл құқықтық шектеулер – қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қалыпты халықаралық оң тәжірибесі.**

Ұлттық мүддеміз бен дәстүрімізге, Ел ынтымағына, бірлігіне балта шауып, Мемлекетке тағы да қатер төндіріп жатқан Дінге, тілге, елге, жерге қарсы еркін тарап жатқан елбұзар теріс ағымдардың Ел түбіне жетер қауіпті вирусына заңмен қатаң тосқауыл қою қажет!

**Қазақ халқы жер бетінде 2,1 млрд-тан астам мұсылман, 220 миллионнан астам түрік халықтары тұтынатын қасиетті Ислам дінін, яғни, бір ғана дінді, бір ғана тілді берік ұстанса ғана іргесі берік, шаңырағы биік, Ұлы даладан тамыр тартқан ұлы мемлекет, Мәңгілік ел бола алады.**

Қысқасы, Радикалды діни ағымдарға заңмен тыйым салу – Ұлттық қауіпсіздік мәселесі.

Ал Мемлекет ең алдымен Ұлттық қауіпсіздікті қорғауға міндетті.

Біріншіден, радикалды ұйымдар қоғам тұрақтылығына қауіп төндіреді. Олар елге іріткі салады.

Ал мемлекет өз азаматтарының қауіпсіздігін қорғауға міндетті.

Ол үшін қоғамдық тұрақтылықты сақтау керек.

Бұл – мемлекеттің негізгі функцияларының бірі.

Екіншіден, егер мемлекет мұндай қауіптерге қарсы әрекет етпесе, бұл әлеуметтік қақтығыстарға; экстремистік әрекеттерге; қоғамдық тұрақсыздыққа алып келеді.

Қауіп төніп тұрғанда заң арқылы шара қолдану – ең қажетті дұрыс шешім.

Үшіншіден, заңмен тыйым салу – бұл бостандықты шектеу емес, қауіптің алдын алу.

Бұл - дінге қарсы емес, керісінше, дәстүрлі дінді қорғау үшін теріс мақсатты ағымдар мен ұйымдарға қарсы бағытталатын заң болуы тиіс!

Сондықтан радикализмге қарсы саясат – кез келген құқықтық мемлекеттің Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы!

"Мен қауіп еткеннен айтамын" деп зар заман ақындары зарлап өткендей, біз бұның бәрін босқа айтып отырған жоқпыз.

«Бұл – мұхитта адасқан кеменің соңғы соққан SOS дабылы болып жүрмесін! Өйткені, бұл өте өзекті мәселе бұған дейін де талай рет өткір көтерілген!»-деп дабыл қаққан еді Ұлт зиялылары 2023 жылы.

Содан бері де 3 жыл өтті!?. Ал аса қауіпті вирустар жыл сайын, күн сайын емес, сағат сайын, сәт сайын алапат ылаң таратуда.

Бұл біздің соңғы мүмкіндігіміз... Бұдан кейін кеш болады!

**Құрметпен, «Ақ жол» демократиялық партиясы фракциясы депутаттары:**
**Қазыбек Иса,**
**Азат Перуашев,**
**Дания Еспаева,**
**Ерлан Барлыбаев,**
**Серік Ерубаев,**
**Олжас Нұралдынов.**

**«Amanat» фракциясы мүшелері:**
**Болат Керімбек,**
**Ринат Зайыт.**
**Бір мандатты депутат:**
**Ермұрат Бәпи**

# «АҚ ЖОЛ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ҚОЛДАУДЫ КҮШЕЙТЕДІ

**Мәжілістің жұмыс тобы бірнеше талқылаудан кейін «Ақ жол» фракциясының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 889–бабының 5) тармақшасына енгізген түзетуін қабылдады. Бұл түзетуге сәйкес, салық заңнамасында көзделген жағдайларда сот немесе салық органдары кәсіпкерді нұсқаманы орындаудан немесе айыппұл төлеуден босатуға міндетті.**



Бұған дейін мұндай норма тек Салық кодексін қолданысқа енгізу туралы заңда қарастырылған жағдайларға ғана қатысты болған; яғни тек өтпелі кезеңде қолданылып келген еді. Алайда жаңа Салық кодексі қабылданғаннан кейін («Ақ жол» Демократиялық партиясы оған принципті түрде қарсы дауыс берген еді), фракциямыз да, бизнес қауымдастық та осы Кодекстің жекелеген нормаларын белсенді түрде сынға алған болатын.

Көптеген бағыттар бойынша бұл сын бір жылдан астам уақыт бойы әлі жалғасып келеді. Оған қоса Мемлекет басшысы да құжатты жетілдіру жөнінде бірнеше рет тапсырмалар берген. Атап айтқанда, 2025 жылдың күзінде Қ.Тоқаев Үкіметке бизнестің талап-тілектерін тыңдап, ескеруді тапсырды. Ал, биылғы қаңтарда президент Салық кодексі «қасиетті кітап» емес екенін атап өтіп, кәсіпкерлердің барлық орынды ұсыныстарын мұқият зерделеп, тиісті түзетулер енгізуді жүктеді.

Осыған байланысты Үкімет тарапынан Кодекс нормаларын жетілдіру жөніндегі жобалық кеңсе құрылып, қазірдің өзінде жекелеген нормаларды түзету бойынша ұсынымдар енгізуде.

«Ақ жол» демпартиясы бұл бағытта да жұмысын жалғастырып, Кодекстің нақты позицияларын қайта қарау бойынша ондаған ұсыныс жолдадық. Келесі аптада Шымкент қаласында Мемлекеттік кірістер комитетінің басшылығы мен жергілікті кәсіпкерлердің қатысуымен фракцияның көшпелі отырысын өткізуді жоспарлап отырмыз.

Басқаша айтқанда, жаңа Салық кодексі бойынша жұмыс (және күрес) жалғасуда, әрі біз кем дегенде бірқатар даулы ережелерге түзетулер енгізіледі деп сенеміз.

Сондықтан, қабылданып жатқан түзетулер қағаз жүзінде қалып қоймай, кәсіпкерлерге салынған айыппұлдар мен өзге де әкімшілік жазаларды нақты жоюға алып келуі үшін «Ақ жол» фракциясы ӘҚБтК-ге жоғарыда аталған түзетуді енгізді.

Бұл шешім соттарға және салық органдарының өздеріне жаңа салық саясатын жетілдіру барысында бизнеске қолдау көрсетіп, бұрынғы талаптарды ұзақ даулар мен артық анықтауларсыз алып тастауға мүмкіндік береді.

Бұл шешімді, әсіресе, шағын және орта бизнес үшін аса маңызды деп санаймыз. Осы бастаманы қолдағаны үшін Мәжілістің жұмыс тобы мен Қаржы министрлігінің басшылығына алғыс білдіремін. Бұл шағын болғанымен, принципті қадам кәсіпкерлердің жаңа Кодекс пен жаңа салық саясатына бейімделуіне өз үлесін қосады деп үміттенеміз.

«Ақ жол» демпартиясы ұлттық бизнес пен отандық кәсіпкерлерді қолдау мен қорғау бағытындағы нақты әрі табанды жұмысын жалғастыра береді.

Сабырлылық танытып, алған беттен қайтпау керек.

**Азат ПЕРУАШЕВ,**
**«Ақ жол» партиясының төрағасы,**
**ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты**

**akzhol.kz**





# ТЕМІРҚАЗЫҒЫМЫЗ – МЕМЛЕКЕТТІК МҮДДЕ

Жұмыр жердегі адамзат тарихын тереңірек ғылымға жүгіне саралайтын болсақ, онда біз осы үдерістің табиғи заңдылыққа сүйене отырып дамитынына шек келтіре алмаймыз. Адамзаттың әрбір даму дәуіріндегі қоғамдық формацияны құру – адамдардың физиологиялық қасиетіне тікелей байланысты бола отырып, қоғамдық сананың даму деңгейіне тәуелді. Әрбір қоғамдық формациядағы өндіріс күшінің пайда болып, дамып, сапасының өзгеріп отыруы адамдардың табиғи, қоғамдық санасының дамуымен тікелей байланысты. Бастапқыда адамдардың бірігіп әрекет жасауынан басталған қарапайым ара қатынас келе-келе күрделі қауымдастықтар мен қоғамдық жүйе қалыптастырып, мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Алғашқы қауымдастықтар мен мемлекет қаңқасын құруға мұрындық болған жеке тайпалар мен халықтар болса, қазіргі кезеңде мемлекеттерді оның негізін салушы бір халықтың, сол аймақта тұрып жатқан этностар өкілдерін өз маңайына біріктіріп, тек бір ұлт құрайтыны белгілі. Бұл үрдіс адамзат дамуындағы табиғи заңдылық. Оны әлемдегі дамыған және дамып келе жатқан мемлекеттердің тәжірибесінен көреміз. Сондықтан егер біз Қазақ елінің дербес, Тәуелсіз мемлекет болуына мүдделі болсақ, онда біз болашақ Тәуелсіз мемлекетіміздің темірқазығы – ұлттық идеяны анықтап, заңдастырып бекітуіміз қажет.

Әлемдегі мемлекеттердің саяси ұстанымының, яғни ұлттық идеяларының өзегі барлық мемлекеттерге тән бір ортақ заңдылыққа бағынады. Ол заңдылық: Ұлттық идея – Қазақ халқы, азат ұлтының (мемлекетқұрушы) экономикалық, саяси, рухани Тәуелсіздігінің, Ел мен Жер біртұтастығының мәңгі сақталуын және ұлттық байлығы тек өз елінің игілігіне жұмсалып, жұртының кедейлік көрмей әлеуметтік жағдайының үнемі жақсарып отыруы мен ұлтына тән рухани дамуын қолдайтын бағытты қатаң ұстанатын әділетті Ұлттық мемлекет құрып, оны дамыту. Осы заңдылық барлық мемлекеттердің даму үрдісінің ұлттық идеясының негізгі өзегі ретінде барлығына ортақ. Өйткені тек осы құндылықтар ғана әр елде барша халықты ортақ мүдде ретінде топтастыра алады. Сондықтан Қазақ халқы құрып отырған мемлекетінің ұлттық идеясының темірқазығы осы құндылықтар болуы заңдылық. Біз оны дамыған ірі мемлекеттер Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Түркия, Ресей, Қытай, Индия, Жапония, т.б. саяси ұстанымынан анық көріп отырмыз. Осы заңдылық дүниежүзілік экономикалық дағдарыс кезінде өте айқын көрініс тапты. Осы бағытта дамуды бекіту, «жаһандану және әлемдік демократиялық стандартқа сай боламыз» деген ұғыммен алпауыт елдердің қитұрқы экономикалық экспансиясының ықпалдық шеңберіне кіріп кетуден сақтайды.

Тәуелсіз ұлттық мемлекет болғымыз келсе, экономикалық және саяси кіріптарлық шеңберіне түсіп қалмау үшін жаһандануға тән халықаралық интеграцияға кіру саясаты өте сақ, өз Тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтіндей, ұтымдылықпен жүргізілуі тиіс. Осы қатерлерден сақтанудың жолы, ең алдымен ұлттық идея негізінде мемлекет құрудың жолын заңдастырып бекіту және осы ұстанымды орындауда жігерлі болуды қажет етеді. Ұлттық идея негізінде мемлекет құруға тән заңдылық – оның экономикасының, ішкі және сыртқы саясатының, ғылымының, заң жүйесін құруының, экологиялық қауіпсіздігінің, білім беру жүйесінің, мәдениетінің, ақпарат тарату, ұрпақ тәрбиелеу, қоғамдық сана қалыптастыру мен рухани дамуының идеологиясы мемлекет құрушы халықтың (ұлттың) мүддесін қалтқысыз қорғап, оның ұлттық ерекшелігін сақтауға бағытталады. Қандай мемлекет болсын, өзінің Тәуелсіздігін сақтау үшін ең алдымен экономикалық тәуелсіздігін қорғайды. Бұл – қоғамдық даму заңдылығы.

Экономикасы тәуелсіз ел ғана өзінің Тәуелсіздігін қорғай алады. Сондықтан мемлекет, экономикалық даму мен ел басқару жүйесінің қандай түрін таңдаса да оның экономикалық саясатының идеологиясы ұлттық идея заңдылығына қатаң бағынуы ең басты шарт болуы қажет. Яғни бұл идеология, экономикалық даму үрдісі мен ел басқаруда – ұлттық байлықты талан-таражға салмай өз халқының игілігіне (әлеуметтік жағдайын жақсартуға) пайдалана отырып, ұлттық мүддені мүлткісіз қорғауға қатаң бағытталады. Ұлттың негізгі байлығы жер мен жер қойнауының қазынасы мемлекеттік емес, халықтың ортақ байлығы екенін заңдастырып бекіту қажет. Жер – табиғи байлық, оны өндіруге ешқандай капитал мен өндіруші күш пайдаланбағандықтан тауар ретінде оның ғылыми негізделген құнын анықтауға болмайды. Бұл үрдіс экономика заңына қайшы, ол әлемдегі алпауыттардың пайда табу мен өктемдік жүргізу жолында жердің құнын волютаризмдік жолымен сатуды алаяқтықпенен жүргізіп келе жатқандар. Ол адамзатты рухсыздандыру саясаты болғандықтан, келешекте адамзатты табиғи дамудан айырып, дағдарысқа тірейтін жол.

Жер – адамзаттың ортақ үйі, ол тарихи, табиғи азамзат қауымының дамуына және әр халық өздерінің қалыптасу ерекшелігіне байланысты орналасқан. Сондықтан әр халық тарихи қалыптасып, өзі тұрып жатқан жерінің иегері болуы заңдылық. Мемлекет тек, осы халықтардың қауымдастық құрып мүддесін қорғауға пайдаланатын құрал күші (орудие управление) болуына тікелей байланысты оның құқығы мен құзырыда шектеулі болуы қажет. Құқығы шектелмеген мемлекетте (билік жүргізуші күш бақылауда болмаса) ешқашанда қоғамда әділеттілік болмайды. Сондықтан, жер халық меншігінде болып, мемлекет тек оның пайдалануын ретеп отыруына ғана құқылы болуы қажет. Жер әр азаматтың минималды өмір сүру қажеттілігін өтеуге арналған (тұрғын үй, қоражай, бақша) заңды түрде бекітілген мөлшерде тегін берілуі тиіс. Кәсіптік бағытта пайдалануға мемлекет өз азаматтарына жалға беруге құқылы болуы тиіс. Шет ел компаниялары мен азаматтарына жер сату тоқталмаса келешекте Мемлекеттің Тәуелсіздігіне қауіп төндіреді.

Жер мен жер байлығы ел экономикасының өзегі болғандықтан, Ұлттық мүддені қорғайтын заңмен реттелуі қажет. Индустриялық даму бағыты – жер қойнауының байлығы мен табиғи басқа байлықтар ресурсын шикізат күйінде шетке шығаруды тежеп, елімізге жаңа технологияларды әкеліп, сұранысқа сай, сапасы мен дизайны жоғары, халықаралық деңгейдегі өндірістік өнімдерді шығарып сатуды жолға қоюы қажет. Шығарылатын өндірістік өнімдер ең алдымен еліміздің ішкі қажеттігін қамтамасыз етуі тиіс. Экономика заңдылығы бойынша әр елдегі шығарылатын өнімнің өз елінің ішкі қажеттілігінде неғұрлым сұранысы жоғары болса, сонда ғана шет елдерде сұранысқа ие болып, бәсекелестікке төтеп бере алады.

Ал экономикалық заңдылықпен санаспай тапсырмамен бәсекелестік қуалап өнім шығарумен шұғылдану әсірелік (валюнтаризм), ондай бағыт тек экономикада туындайтын дағдарыстарды тудыруға ықпал етеді. Жер қойнауынан шығатын шикізат өнімін өңдеу кәсіпорындарынан басқа өндіріс кәсіпорындарын жобалағанда, олардың өте ірі болуы жанама шығындарының өсуіне әкеліп, қажеттілік туған жағдайда технологияны тез алмастырып, жаңа өнімдерді қысқа мерзімде игеруді тежейді. Сонымен қатар, өндіріс орнының тез, аз шығынмен бейімделу үдерісін әлсіретіп, әлемдік бәсекелестік сайысында ұтылысқа әкеледі және экономикалық дағдарыс кезінде көп зиян шектіреді. Экономиканың тиімді болуы, шығарылатын өнімдердің өз құнын төмендетігі, сапасын көтеретін жаңа технологияны уақ-уақ жедел өзгертуге бейімделген орташа және шағын кәсіпорындардың көп болуына байланысты.

Жаңа технологияны пайдаланып ірі кәсіпорындарды салу экономикалық сауатсыздық. Өйткені оны салып, барлық қуатын толық пайдалану мерзімінің ұзақтығынан, ол технология ескіріп, өніміне сұраныс азаятындықтан және технологиясын жаңарту мүмкіншілігінің шектеулігіне байланысты өндіріс тиімділігі күрт төмендейді. Осының бәрі экономика саясаты идеологиясының ұлттық мүддені ойламауынан туындайды. Жеңіл өнеркәсіптің экономикалық тиімділік қасиетін пайдалана отырып және өнімдерінің елдің ішкі қажеттілікте зор сұранысқа ие болатынын ескеріп, осы бағыттағы орта және шағын кәсіпорындарды жаңа жетік технология негізінде барлық аймақтарда (бір жерде шоғырландырмай) дамыту еңбек ресурсын тиімді пайдалануға да, өнімнің бағасының қолжетімді болуына да ықпал етеді. Және де, осы кәсіпорындардың тауар өнімдері ұлттық брендтің пайда болуына және жергілікті шикізат қорын тиімді пайдалануға қажет. Сонымен қатар Малайзия, Сингапур елдерінің тәжірибесінде бар, ұлттық ғылымның, жеке ғалымдардың, өнертапқыштардың жетістіктерін ұлттық интелектуалды кадрлерді пайдалана отырып, қалаларда шағын электроника, жаңа өнімдерді шығаратын шағын кәсіпорындардың пайда болуына жағдай жасауды жолға қою қажет. Ауыл шаруашылығының дамуын ұлттық менталитетке тығыз байланыстыра жүргізудің негізі ауылдық жердегі шикізатты қалдықсыз өңдеуді әр аймақтағы елді мекендерде жаңа өңдеу технологиясына негізделген шағын кәсіпорындарды ашу. Олар сапалы, жоғары дизайнды безендірілген өнім шығаруды іске асырып, ішкі сұранысты қамтамасыз етумен бірге елімізді азық-түлік өніміне деген тәуелділіктен арылтып, қайта көрші елдерге дайын өнімдерді шығаруға жол ашады. Яғни, ұлттық ерекшелігімізге бағытталған экономикамыздың өзіне тән брендтері пайда болып, әлемдік бәсекелестік додасына түсе алады. Осы бағытта дамыған ауыл экономикасы тұрғындарының әлеуметтік даму деңгейін, мәдениетін қалалық өмір деңгейіне жақындатады. Сондай-ақ келешекте орта және шағын шаруашылықтардың кооперация одақтарын құрып, ауылшаруашылық өнімдерін өндірістен тұтынушыларға дейінгі жолын қысқартатын, тиімділігі жоғары, алыпсатарлықпен өнім бағасының өсуін тежейтін саланың негізін салу қажет деп санаймыз.

Қазіргі экономикалық даму кезеңіндегі орын алып отырған жемқорлық үрдісі біздің ұлтымыздың тарихи қалыптасқан менталитетіне тән құбылыс емес. Бұл құбылыстың тамыры капитализмдік бағыттағы шаруашылық құру негізіндегі пайда (прибыль) өндіру заңдылығының табиғатына тән екенін кезінде К.Маркс көрсеткен. Оны жоққа шығаратын ғылыми тұжырым жоқ. Осы келеңсіз үрдіс бүкіл әлемдегі нарықтық бағытты ту қылып ұстап, пайда табудың жолында адами қасиеті бар құндылықтардан айрылып, рухани азғындық жолына түскен елдердің бәрінде етек жайған. Қазақ еліне жемқорлық пен парақорлық отарландыру саясатымен бірге келген. Еш бір қатал заң, жазалау бұл мәселені шешпейді. Еліміздегі жемқорлықты тоқтату тек рухсыздандыруды тежегенде ғана іске асады.

Мемлекет Тәуелсіздігінің мәңгі болуы оның ұтымды, ұлттық мүддені көзінің қарашығындай қорғайтын сыртқы саясатының идеологиясына байланысты. Егер сыртқы саясат идеологиясы ұлттық идея шеңберінен қандайда бір сылтаумен, не болмаса тар шеңберлік саясат жетегіне еріп мадақ, жасанды бедел жинау мақсатымен ауытқыса – Ұлттың Тәуелсіздігіне қауіп төндіреді. Саяси көрегендік – бүгінгі және жақын арадағы мақсатқа ғана жету емес, ол өз ұлтының тарихын ескеріп және ертеңгісін ойлап, халқының ар, намысына кір жуытпай, ел келешегіне нұқсан келтіретін жағдайларды болжай біліп, шешім қабылдау.

Ұлттық идея негізінде мемлекет құру үшін мемлекеттің атынан «Қазақстан» сөзін алып тастап «Қазақ Республикасы» деген атау беріп, ал қазіргі Ата заңдағы «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы....» деген қазақ халқының тарихы мен мүддесін мойындамайтын жалпылама космополиттік ұғымды алып тастау қажет деп есептейміз. Қазақ халқының осы мемлекетті құрушы ұлт екенін нақтылайтын және мемлекет ұлтық идея негізінде дамитыны туралы тұжырым енгізілсе ғана Қазақ елінің келешектегі Тәуелсіздігіне күмәнсіз карауға болады. Сондай-ақ қазіргі зиялылардың, ұлт болашағын ойлаған барша азаматтардың, биліктегі ұлтына жанашыр қызметкерлердің мемлекет тілінің деңгейін көтеру бағытындағы істерінің тиімділігі қазақ тілінің өмір сүріп дамуына орта туғызуға байланысты екені анық. Яғни, экономиканың, саясаттың, ғылымның, технологияның, білім беру мен рухани тәрбие жүйесінің, ақпарат кеңістігінің қазақ тілінде сөйлеуін іске асыру өте-мөте қажет. Бұдан екі мың бес жүз жылдай бұрын өмір сүрген әйгілі Дарий патша: «Баянды мемлекет болу үшін халықтың бір тілде, бір дінде болуын қамтамасыз ету керек» деп, мемлекет құрудағы тіл мен рухани тәрбие мәселесінің маңызын дөп баса айтқан екен.

Өз ұлтымыздың дамуын ғылыми жетістіктерді пайдалана отырып, табиғи заңдылықтардан ауытқымай, волюнтаризмге жол бермей іске асыру – бәріміздің азаматтық борышымыз.

**Болат ДҮЙСЕМБІ,**
**саясаткер-экономист,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**



# «ЗАҢДЫ» БІЛМЕГЕН НАНДЫ БІЛЕ МЕ?!.

## «Заңды тұлға» дегенді де түсінбейтіндер қалай заңды вице-министр болып жүр?!.

**Осы аптадағы, 2026 жылдың 8 сәуіріндегі ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысына заң жобасын талқылауға келген ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау вице-министрі Бахтияр Жазықбаев «заңды тұлға» деген сөзді де түсінбей қара басты...**

Үкіметтен келіп, тақыр жерде сүрініп, құлап жатқан вице-министрді тұрғызбақ болып, депутат Нұртай Сабилянов біраз шұйлiккенмен, оның оңалатын түрі байқалмады... Ақыры «жедел жәрдемге" Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың өзі келіп, «заңды тұлға» мен «жеке тұлғаның» не екенін бірінші сынып оқушысына үйреткендей, ежіктеп тұрып түсіндіріп беруге мәжбүр болды...

Бірақ, білдей бір вице-министрге парламентте өткізілген бұл «ликбез», яғни сауатсыздарға әліппе үйрету сабағы түк те әсер етпегені оның түрінен анық байқалып тұрды...

Бұл «оқиға» осы аптада парламентте көтеріліп, әлеуметтік желілерде «хит болған ит тақырыбынан» да, аса күрделі дін мәселесінен де асып түсті...

Сонда қазақша айтқанда, «Заңды тұлға» дегенді де түсінбейтін Жазықбаев қалай заңды вице-министр болып жүр?!.

Мемлекеттік тілде, өзінің ана тілінде «заңды тұлғаны», яғни «заң» деген сөзді білмеген адам «нан» деген сөзді біле ме?!. Бұл кісіні вице-министр етіп кім тағайындаған?!.

Сауатсыздарды көтеріп жүрген үкіметтегі жауапсыздар кімдер?!.

Ең үлкен министрлік, Халықпен тығыз жұмыс істейтін Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің вице-министрі болуына Жазықбаев қана жазықты емес, соны сонда сүйрелеп, көтермелеп, тағайындағандар жазықты ең алдымен!!! Мәжіліске сол тағайындаушылары бірге келіп, Жазықбаевқа аудармашы болуы керек еді...

Демек, үкіметтегі вице-министрді тағайындаушылар да мемлекеттік жоғары лауазымда отырып, мемлекеттік тілді білмейтін немесе сөйлемейтіндер болып тұр ғой?!.

Міне, мәселе қайда, мырзалар?!.

Парламенте «Мемлекеттік қызметке тест тапсыру сынағында «Қазақ тілі қашанғы нөл болады» деп мәселе көтергеніміз осы ғой?!.

Міне, соның кесірінен министрліктерде «нөлдердің» де аз емес екеніне куә болып, үкіметте өріп жүрген «үштіктер» мен «екіліктерге» жылап көрісетін ауыр жағдайдамыз...

Бұл түрімізбен қайда бара жатырмыз?!.

Талай жылдан бері «Тіл дамымай, тірлік оңбайды», сондықтан «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек», деп дабыл қағып және сол үшін кінәлі болып жүргеніміз осы ғой...

**Қазыбек ИСА**

**Қазыбек ИСА,** ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты:

# БІЗГЕ АДАМ ӨМІРІ ҚЫМБАТ ПА, ИТ ҚЫМБАТ ПА?!.

## ЖЫЛЫНА 50 МЫҢ АДАМДЫ ИТ ҚАБАДЫ... КІСІ ӨЛІМІ ДЕ БОЛАДЫ 10 ЖЫЛДА ИТ ҚАБУДАН ҚҰТЫРУ КЕСЕЛІН ЖҰҚТЫРҒАН 25 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛҒАН



### НҰРҒИСА АУЫЛЫ ӘН ЕМЕС... ИТТЕРДІҢ ҰЛУЫН ТЫҢДАП ЖҮР...

**Мектептегі баланың тамағына күніне 500 теңге бөлінсе, әр иттің бір күніне 5500 теңге, яғни 11 есе көп төленеді...**

**"Итің аты - ит", олар "Бізге үкімет күн сайын 5 жарым мың теңге бөліп жатыр ғой" деп үндемей жата бермейді ғой, Нұрғиса ауылындағы 500 ит күнімен үргені аздай, түнімен ұлып шығады екен...**

Кеше 2026 жылдың 8 сәуірінде ҚР Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында "Жануарларға жауапкершілікпен қарау" туралы заң жобасы қабылданды.

Талқылауда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса тауып айтқандай, "Ит тақырыбы хит мәселе" болды.

Иә, шынында да жылына 60 мыңдай адамға шабуыл жасап, жыл сайын 2-3 адам өліміне дейін жеткізетін иесіз бұралқы иттерді медициналық жолмен жою мәселесі ең өткір талқыланған тақырыпка айналды.

Біз бүгін осы талқылауда ең алдымен адам өмірінің қымбаттығын алға тартып сөйлеген Қазыбек Исаның сөзін жариялап отырмыз.

### ЖЫЛЫНА 50 МЫҢ АДАМДЫ ИТ ҚАБАДЫ... КІСІ ӨЛІМІ ДЕ БОЛАДЫ...

-Бүгін бізде ит мәселесі хит мәселе болып тұр екен, біз де өз ойымызды білдіре кетейік.

2021 жылы қабылданған Жануарлар туралы заңның негізгі мақсаты не еді? Адамдарды қаңғыбас иттердің шабуылынан қорғау, зардап шеккен адамдар санын азайту еді. Бірақ заң нәтижесі көңіл көншітпейді. Себебі жаңа баяндамашы депутат Еділ Терекбайұлы егжей-тегжейлі баяндағандай, керісінше қабаған иттер мен жараланған жандар саны еселеп өсіп кеткен...

Екі жыл бұрын Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Нүркен Шарбиев қаңғыбас иттерді күтіп-ұстау мәселесіне байланысты «Егер бір итті күтіп-ұстауға күніне 5000 теңгедей кететінін ескерсек, бір жылда ұсталған иттердің өзіне бір жылда шамамен 450 млрд теңге қажет болады»-деп мәлімдеген еді. 2022 жылы 247 мың ит ұсталыпты. Иесіз иттерді өлгенше арнайы орындарда ұстайтын болса, шығын көлемі еселеп өсе береді.

Денсаулық сақтау министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2022 жылы бұралқы иттердің адамдарды қапқан жағдайы 22 мың рет тіркелген болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш бір жылдың ішінде екі еседен де көбейіп, жараланғандар саны 50 мыңға жеткен!

Мысалы, Түркістан облысының өзінде 2023 жылы 51 794 иесіз ит ұсталса, 2022 жылы Шымкент қаласында 40 мың иесіз ит ұсталған.

Жылына ит қапқан адамдар саны 4 мыңнан асып кеткен.

### 10 ЖЫЛДА ИТ ҚАБУДАН ҚҰТЫРУ КЕСЕЛІН ЖҰҚТЫРҒАН 25 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛҒАН...

**Ғылыми зерттеулер бойынша:**

-Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 64 000-ға жуық адамды ит қабады.

Өйткені 2010–2015 жылдары 5 жылдың ішінде жалпы 388 807 адамды ит қауыпты!?.

Оның ішінде

95 185-і балалар, ≈24–25%

- 2015–2024 жылдары ит қабудан құтыру кеселіне байланысты 25 адам қайтыс болған.

-2023–2024 жылдары ит шабуылынан кемінде 2 адам қайтыс болған.

-2023 жылдың алғашқы 6 айында 3 бала қайтыс болған.

Әкімдіктердің мәліметтері бойынша, адамдарды жаралау оқиғаларының 65%-ы қаңғыбас иттердің шабуылы. Соған сәйкес ит қауып, жараланғандар саны да көбейіп кеткен. Ит қапқаннан құтырма ауруына шалынғандардың қайтыс болып жатқандарын да жоғарыда айттық. Мысалы, Кеңес Одағы кезінде 10 жылға созылған Ауған соғысында Қазақстандықтардан жараланғандар 1 мыңдай болса, қазір ит қауып, жараланғандар саны біздің елде 10 жыл емес, бір жылдың өзінде 64 есе көп.

Иесіз иттері көп мекендерде балалардың жағдайы өте қиын. Оқушылардың үйден мектепке, мектептен үйге қауіпсіз жетуі қиын. Мысалы, Алматы қаласы Наурызбай ауданы Таубел қалашығында қаңғыбас иттер кезіп жүреді. Балалардың өз бетімен көшеге шығуы қауіпті!

**Ит талап жатқан талай баланы интернеттен көргенде шыдай алмай кетесің. Соның өзінде иесіз иттерді медициналық жолмен жоюға өршелене қарсы шығатындарды түсіну қиын. Сол ит талап жатқан баланың орнында солардың өз балалары болса, көрер едік, қалай сөйлеп шығарын...**

Мен өз басым мысықтан гөрі күшікті жақсы көремін. Қазақы төбеттерді ұстадық бала кезде. Әлі есімде, ауылымыздағы соғысқа қатысқан бір ардагер шал «тауығымды жеп қойды» деп күшігінен өзім асыраған Құтжол деген итімізді ауламызға дейін қуып келіп, атып тастағаны жаныма қатты батқан...

Бірақ адамға шабатын бұралқы иттер туралы сөз басқа...

Конституциямыз бойынша ең қымбаты адам өмірі емес пе?

Ендеше, ит қымбат па, адам өмірі, бала қымбат па?

Қазіргі қолданыстағы заң бойынша итті ұстап алып, стерилизациялап, вакцинациялап, күтіп-баптап күшейтіп, қайтадан босатып жіберу ол қылмыскерді түрмеден шығарып жіберумен бірдей емес пе? Ол итті піштіріп, жатырын алып тастағанмен, адам қабатын азу тісін қағып алған жоқ қой?.. Сондықтан жаңа заң бойынша бұралқы итті ұстап алғасын, 5 күннің ішінде иесі табылмаса, эвтаназиялық жолмен жояды. Сонда ғана қазіргі бір сағатта 5 адамды ит қабатын қауіп-қатер сейіледі.

**Әлемде иесіз иттерді аулап, эвтаназиялық тәсілмен жойып отыратын елдер көп. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Норвегия, Швейцария, Швеция, Финляндия, Мексика, Исландия, Латвия, Эстония, Австралия, Ирландия, Малайзия және тб көп елдер бар.**

### НҰРҒИСА АУЫЛЫ ӘН ЕМЕС... ИТТЕРДІҢ ҰЛУЫН ТЫҢДАП ЖҮР...

Бізде неге иесіз иттерді жоюға қарсылар көп дегенде, мәселенің бір жағы оған бөлінетін қыруар ақшаға келіп тірелетін секілді.

Мысалы, "Сорқұдықтың бойына, сорға бола қонды атам" дегендей, Алматы қаласынан лас су ағатын Сорбұлаққа жақын маңдағы Алматы облысы Іле ауданы Нұрғиса Тілендиев ауылында екі шошқабаз аздық еткендей, 2 гектардай жерді алып жатқан 2 ит ұстайтын питомник те бар екен. Барлығы 7 мың тұрғыны бар ауыл адамдарының бізге жазуынша, ол жерде 500 иесіз ит бағылып жатыр. Мектептегі баланың тамағына күніне 500 теңге бөлінсе, әр иттің бір күніне 5500 теңге, яғни 11 есе көп төленетіні белгілі.

Сонда ойлай беріңіз, бізге жеткен ресми мәлімет бойынша бір итке күн сайын 5500 теңгедей төленеді. Одан бөлек әр итке айына кемінде 18 мың теңгедей тағы бөлінеді. Сонда 1 итке айына шамамен 183 мың теңге төлейді. Оны 500 итке көбейтсеңіз ай сайын 91 миллион 500 мың теңге болады. Ал бұл миллиондарды жылына 12 айға көбейтсеңіз алапат қаржы - 1 млрд 98 млн теңге шығады. Бұндай миллиардтар келіп жатса, кім ит атуды қолдай қойсын?..

"Итің аты - ит", олар "Бізге үкімет күн сайын 5 жарым мың теңге бөліп жатыр ғой" деп үндемей жата бермейді ғой, күнімен үргені аздай, түнімен ұлып шығады екен! Атам қазақ баласын талаған, адамға шапқан ит түгілі, ұлығанын қоймаған итті де, "жамандық шақырады" деп атып тастаған. Ал ауылының іргесіндегі екі итханада 500 ит күнімен үріп, түнімен жарысып ұлып шықса, не болатынын ойлай беріңіз?!. Әйгілі ән дүлдүлі Нұрғисаның ауылы түнімен әсем ән емес, иттердің хормен ұлуын тыңдап шықса, қайдағы тыныш ұйқы?!. Оған тағы ол иттердің адам тұншығатын сасық иістерін, экологиялық зардабын қосыңыз.

Сондықтан, осындай адам өмірі үшін маңызды да, күрделі мәселелерді тиімді жолмен шешетін жолдарын тапқан жаңа заң жобасын қолдаймыз.

# ҰСТАЗДАН ҰЛАҒАТ*

**ТІЛ МАМАНЫ МАҚСАТ АЛТЫНОВАНЫҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІНЕН ҮЗІК СЫР**



Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов: «Халыққа қызмет ету білімнен емес – мінезден» деген екен. Шындыққа негізделіп айтылмаса өміршең болар ма еді.

«Қазақ тілі» пәнінің мұғалімі Мақсат Алтынованы 1998 жылы Үржардан Алматы маңындағы Ащыбұлақ ауылына қоныс аударған.

Алматы қаласындағы Түрксиб аудандық оқу бөлімі №50 орыс орта мектебіне жіберді. Директор Елена Решетникова құжаттарыммен танысып, оқу ісінің меңгерушісі Ләйла Сламбекованы шақыртып:

– Бізге «Қазақ тілі» маманы құтаймай-ақ қойды. Мына Мақсат Шаймерденовнаның шыдамы қанша уақытқа жетер екен. Байқап, көрейік, – деп езу тартты да орынбасарына. – 1-ші және 5-ші кластардың пәндерін беріңіз.

Мақсат киіп кетті.

– Кешіріңіз, мені «Қазақ тілі» пәнінің мұғалімі ретінде Шаймерденқызы деп атауыңызды өтінемін, – деді. Оның тосын сөзі директордың қолайына келмеді ме, сұстана қарап, тіксініп қалды.

– Қалауыңыз болсын, солай-ақ атайық, – деді енжарлау кекесін үнмен.

Директордың кабинетінен шыққан бетте Сламбекова.

– Көңіліңізге келсе де айтайын бірбеткей екенсіз. Сіздей тік мінез адаммен бірінші рет кездесіп тұрмын, – деді салқын үнмен.

Қараша айының соңында 5-ші класс оқушыларының ата-аналар жиналысы өтті. Олардың біразы өре түрегеліп, қызу қандалыққа салынып: «Қазақ тілі» пәнінің мұғалімі Мақсат Шаймерденқызы тым қатал. Біз балаларымызға басқа мұғалімнің сабақ беруін талап етеміз», – деп жарыса даурығып жатқанда сол мектептің «Орыс тілі» пәнінің мұғалімі Елена Искина жұрт алдына шығып бипаздап сөйлесін бір. «Қызым сіздердің балаларыңызбен бірге Мақсат Шаймерденқызынан сабақ алды. Мені педагог ретінде оның таң қалдырғаны – қызымның айналдырған екі-үш айдың ішінде қазақ тілін жап-жақсы меңгеріп, сауатты жазуы. Ал менің Мақсат Шаймерденқызына алғыстан басқа айтарым жоқ». – Айтыс-тартыстың түйіні осы болды. Жүйелі жөн сөзден екпіндеп өрекпігендер су сепкендей басылды.

Уақыт зымыранда тоқтау бар ма. Жылдар жылжып өтіп жатты. Мектеп түлегі Коморов Александр Алматыдағы авиация колледжіне түсті. Талапкерлерді топқа бөліп жатқанда қазақ тобының саны жеткіліксіз болып қалған. Сонда Александр:

– Мені қазақ тобына жазыңыз, – деп өтінді.

Декан аң-таң. Орыс баласы қазақ тілінде таза сөйлеп тұр.

– Қай мектепте оқыдың?

– №50-ші мектепте.

– Ол орыс мектебі ғой, – деді декан жұлып алғандай. Александр:

– Сіз дұрыс айттыңыз. Бірақ бізді «Қазақ тілі» пәнінен Мақсат Шаймерденқызы оқытты. Менде тілден мәселе жоқ. Қазақ тілінде шығарма жазу да маған қиын емес, – деді ол. Декан:

– Солай ма?! – деді таңдана сүйсініп.

2003 жылы мектеп басшылығында өзгерістер болды. Жаңа директор Абраменко келген бойда ұжымдағы мұғалімдердің жұмыстарымен танысып, Мақсат Алтынованы методикалық әдістер бірлестігінің жетекшісі және оқу ісінің меңгерушісі етіп тағайындады.

Көп ұзамай Абраменко өзіне шақырып:

– Мақсат Шаймерденқызы, 6-шы класқа колледжді бітірген жас қыз жетекші екен. Оқушыларды игере алмай әуре сарсаңға түсіп жүрген көрінеді. Әсіресе, Саша Шуліманың сабаққа келгенінен келмегені көп. Онымен мен өзім де сөйлесіп, тәртіпке шақырып көрдім. Қыңырлығы соншалық, айтқаныма құлақ асып, мойын ұсынар түрі жоқ. Сіздің тәжірибеңіз бар. Сол класқа сіз жетекшілік етсеңіз, – деп ұсыныс жасады.

Аптаның басында Алтынова үйіне іздеп барды. Саша терезеден аулаға кіргенін көрген бетте, сыртқа атып шығып, шабалана үріп, шынжырын үзердей жұлқынған итіне жетіп барды. Оны байлауынан босатып, мойынындағы қарғыбауынан жібермей ұстап тұрып:

– Мен оқымаймын! Текке әуре болмай кетіңіз! Әйтпесе итіме талатамын, – деді өршелене кіжініп.

Мақсат басын шайқап:

– Жоқ, Саша, мені итіңмен қорқыта алмайсың. Сен қазір менімен бірге мектепке барып, сабаққа қатысасың, – деп Сашаға қарай беттей бергені сол еді анау шабаланған итін босатты да, айтақтап:

– Шарик, бас! Мынаны ауладан қуып шық! – деп бар дауысымен бұйырды.

Ит атылып келіп, Мақсаттың балтырына ақсиған тісін қарш еткізіп салып, орып түсті. Қызыл қан судай ағып, ұзын етекті көйлегі қою-қошқыл теңбілденіп шыға келді. Мақсат итті құлағынан жымқыра ұстап, жұлып алардай бұрап, азуын аяғынан ажыратты да, қара тұмсығын аулаға төселген тас жолға үстін-үстін соққылады. Итке де жан керек екен. Арыны басылып, қыңсылап үйшігіне қарай шегінді. Саша жағдай бұлай болады деп күтпесе керек. Қатты үрейленгені соншалық – көзі шарасынан шыға жаздады. Жалт бұрылып табанын жалтыратпақшы бола бергенде, Мақсат оның қолынан шап берді.

– Саша, менен қашып құтыла алмайсың!.. Қырсығып, тыраштанбай жүр мектепке!.. – Оның көнбеске амалы қалмады. Басын тұқыртып алып, бүгежектеп, сүйретіліп жетегіне ілесіп берді.

Дәрігерлер Мақсат Алтынованың қанынан анализ алып, итте қауіпті ауру жоқ екенін анықтады. Сол күннен бастап Саша сабақтан қашуды мүлдем тоқтатты.

Арада үш жыл өтіп, 9-шы класс оқушылары мемлекеттік емитихан тапсырудан өтіп жатты. Саша Шулима билет алып тұрып:

– Мақсат Шаймерденқызы, менің қабілетімді сіз жақсы білесіз. Емтиханды қалай тапсырсам екен? – Ол өз-өзінен қысылып, қыстыға сөйледі. Оның ес біліп қалған ересек жанша жөн сұрағанына іші жылып қалған Алтынова:

– Ия, Саша, сені менен артық ешкім түсіне бермейді. – Қолына бір парақ ұстатты да. – Қазақша қанша сөз білесің, маған соларды түзіп жазып бер, – деді.

Біраздан соң Сашаның кезегі келді. Орнынан тұрып, парақты алдына қойды. Жүзден астам сөзді түзіпті. Мақсат Шаймерденқызы оның сол еңбегін комиссия мүшелеріне көрсетіп: «Міне, мен Саша Шуліманың жазғанына «4» қоямын. Өйткені оның қазақ тілі қорында жүзден астам сөзі бар. Бұл ол үшін үлкен еңбек», – деді мақтанышпен.

Оған аттестатын тасырып тұрып:

– Саша, мына құжатпен қаладағы кәсіптік-техникалық училишелердің біріне түсіп, мамандық алуыңа болады. Ал мамандық пен қазақ тілі өміріңе қажет, – деді жымия күліп. Сонда Саша Шулима:

– Мақсат Шаймерденқызы, егер класс жетекшім сізден басқа біреу болғанда, мен мұндай құжатқа қол жеткізе алмас едім. Бар уақытым көшеде қаңғумен өтері кәміл болатын, – деді иегі кемсеңдеп

Мақсат ет-жүрегі елжіреп:

– Саша, бұл екеуміздің жеңісіміз. Алдағы өміріңе сәттілік серік болсын! – деп арқасынан қақты. Осы бір қуаныш сезімі Мақсатты онымен сергелдеңге түскен күндерін жуып-шайып жібергендей тұла бойы жеңілденіп сала берді.

Қайбір жылы Алтынова Техникалық жөндеу шеберханасының қасындағы аялдамада автобус күтіп тұр еді, үстінде арнаулы жұмыс киімі бар орыс жігіті көлігін жөндетуге әкелген жанға ақауын қазақ тілінде түсіндіріп жатты. Дауысы таныс секілді. «Бұл кім өзі?». Зер салып қараса, баяғы Саша. Бойы өсіп, дене бітімі ересек тартқан.

– Әй, Саша, сені қазір қайда жүр екен деп әрдайым ойлаушы едім. Осында екенсің ғой, – деп дауыстады.

Ол жалт қарап, майланған қолғабын шешті де жүгіріп жанына келді. Көкшіл көздерінен от шашып, кәдуілгі қазақ жігіттеріндей «Сәлеметсіз бе, Мақсат Шаймерденқызы» – деп амандасты. Содан кейін:

– Мақсат Шаймерденқызы, кәсіптік-техникалық училищені бітірдім. Жұмысым бар. Табысым да жаман емес. Қазір мамамды сырқатынан дәрігерлерге емдетіп жүрмін. Осының бәрі сіздің арқаңызда болды, – деді.

Жаңа оқу жылының басында Татьяна Владимировна Лобастова мектеп директор қызметіне тағайындалды. «Адамды танығың келсе қолына билік бер» деген сөз бекер емес-ау. «Қазақ тілі» пәні десе қанын ішіне тартып тұратыны бірден көзге ұрып тұрды. Алайда Мақсат Алтынованың мінезінен, беделінен хабардар болса керек. Бір жолы Лобастова жұрттың көзінше Алтыноваға да ықпалын жүргізіп алмақ ниетпен тілінен қағынып, сес көрсетті.

– Тек «Қазақ тілі» пәнін оқытумен қоғамның көсегесі көгермейді. Орыс тілінсіз алға басу мүмкін емес. – Ол басын кекжитіп лекігені сол еді, орынсыз ділмәрі әлгіден үнсіз отырған Мақсат Шаймерденқызының шымбайына қатты батты. Көңіл оғаш сөзден азады, шыдамның да шегі бар.

– Татьяна Владимировна, қазақта «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледі» деген ұлағатты сөз бар. Сіз елеп-ескермей жүрген қазақ тілі әлемдегі ең бай тілдердің қатарында тұр. Ол ғылыми тұрғыда дәлелденген. Қоғамда оның дамуын қолдан тежеп отырған сіздейлердің енжар көзқарасы, – деді ызғарлы үнмен.

Алтынованың қарымта соққы сөзі Лобастованың биік дәрежесін аласартып жібергені соншалық – меселі қайтып, жүні жығылды.

Алматыға күз келіп, жапырақтар сарғайып, салқын түскен. Кабинеттегі телефон қоңыраулатты. Мақсат Алтынова тұтқаны көтерді. Ар жағындағы бейтаныс жан өзін қаладағы №80 аралас мектептің директоры Мұхтар Ілиясұлы Тәжібаев деп таныстырды.

– Сіз жайында Андрей Геннадьевичтен естіттім. Мүмкін болса біздің мектепке келіп кетсеңіз. Сөйлесетін маңызды шаруа бар еді.

Ол ілкім сәт кідіріп барып:

– Мектебіңіз қаланың қай жерінде?, – деп сұрады.

Илиясов «Түрксіб» ауданына қарасты 1-ші Алматыда екенін жеткізді.



Ол директорды кексе тартқан үлкен кісі шығар деп топшылаған. Алайда өзінен әлдеқайда жас көрінді. Мұхтар Ілиясұлы жұмыс жағдайын айтып, өтініш жасады.

– Мақсат Шаймерденқызы, бізде қазақ сыныптарынан гөрі орыс кластары бірнеше есеге көп. Солардың ықпалы басым. Мен сізді орынбасарым ретінде шақырғым келеді. Маған мектептің оқу ісін, ішкі ахуалын жөнге салып беруге көмектессеңіз. – Ол қобалжыған көңілімен ұсынысыма қалай қарар екен дегендей аңтарыла қарады. Ол «Неге көмектеспеске? Соншалық қорқатындай не бар?». Алтынова келісімін берді.

№50 мектеп оқушылары Мақсат Алтыновамен қимай қоштасты. Автобус аялдамасы дауыс жетер жерде. Жол бойы

ол: «Тұзым сор, еңбегім еш болмағанына мың да бір шүкір. Оқушыларым қадірімді білген екен. Еңбегім жаныпты! Тәуба! Ұстазға бұдан артық қандай бақыт керек!». Қуанғаннан жүрегі жарыла жаздады.

Ол қызметке кірісер алдында Мұхтар Ілиясұлы:

– Мақсат Шаймерденқызы, алдын ала ескертіп қояйын. Әскери қалашықтың милиция бөліміндегі ОБХС полковнигі Сейітбеков қыңырлау адам. Қақтығысып қалсаңыз қыр соңымызға түсіп, аудандық, қалалық оқу бөлімдеріне, қала берді министрлікке шағынданудан тайынбайды, – деп сақтандырды.

Желтоқсан айының күндері бел ортасынан асқанда қыс күшіне мінді. Мақсат Шаймерденқызы екінші аусым сабағынан соң әскери қалашыққа жол тартты. Күн батып, қас қарая бастаған шақ. Ол үйді-үйлерге кіріп, ата-аналармен кездесіп, балаларының оқу үлгірімі туралы пікір алысты. «Енді әдейі келген соң Сейітбековтің дөрекілігінен қаймығып, қалай кездеспей кетемін. Қанша өрескел болса да ат-тонымды шешіп алып қалмас». – Ол сол кісі тұратын үйге қарай бет түзеді.

Үшінші қабаттағы пәтердің қоңырау тетігін басты. Есік ашылып, арғы жағынан үстінде милиция үлгісіндегі киімі бар, алпысты алқымдап қалған кісі оған ит көрген ешкідей едірейе қарады. Мақсат Алтынова амандасып, өзінің мектепте оқу ісінің меңгерушісі екенімен таныстырды да:

– Бүгіннен бастап кіші қызыңыздың сынып жетекшісімін. Сізбен кездесіп, оның оқу үлгірімі жайында пікір алыссам ба деп келдім, – деді сабырлы үнмен.

Сейітбеков қабағын түйіп, сәлем жоқ, сауқат жоқ көзін алартып:

– Ты кто? – деп өктем үнмен күңк етті.

«Қиқарын-ай мына кісінің. Бәрін естіп тұрып, жорта қайта сұрап тұрғанын карашы. «Сіз» демей «сен» деп маған доқ көрсетіп, жасқап алмақшы. Оныңыз бола қоймас. Ендеше ерулігe, қарулы болсын». Ол тік қарап:

– Мен үйсізбін, қайырым етсеңіз сіздікіне түнеп шығу үшін келіп тұрмын, – деді тайсалмай тік қарап.

Полковник тіксініп қалды. Өзінің сөзіне қарап сөз қайырғанын іші сезді. Сонда да айылын жимай бақжиып:

– Маған келген шаруаңызды қысқа, нақты айтыңыз, – деді керігіп.

Мақсат Алтынова сөмкесінен класс журналын шығарып, қызына бірнеше пәннен өте төмен баға қойылғанын көрсетті.

– Тіпті, басқа сабақтарды былай қойғанның өзінде «технологиядан» да екісі бар. Тігінге машықтануға қажетті «биссер» құралы да жоқ. – Ол қабағын шытып, ренішін білдірді. Полковник журналға шұқшиды. Миығынан мырс етті. – Сіздер қызыма аса көңіл бөлмейсіздер. Қысқасы, дұрыс оқытып, үйретпейсіздер. Ертең бұл жөнінде оқу министрлігіне хабарласып, сіздердің мәселелеріңізді қозғаймын. – Сейітбеков сенімен сөз бітті дегендей есігін жабуға ыңғайлана берді. Мақсат Алтынова өңін суытып.

– Тоқтаңыз!.. Тыңдаңыз!.. Ал мен Ішкі істер министрлігіне телефон қоңыраулатып, сіздің осы уақытқа дейін қызмет бабын өрескел пайдаланып келгеніңіз жайында шағымданамын. Оқу Заңының 49 бабында оқушы тәрбиесі мен оқу үлгерімі ата-ана мен мұғалімдерге тікелей байланысты деп жазылған. Осы жағынан менің де айтарым аз емес, – деді қатқыл үнмен.

Полковник үнсіз. Сөзі талмау жерінен тиді ме, бет-аузы жыбырлап, аз-кем состиып тұрып қалды. «Сасқан үйрек артымен жүзеді» дегендей полковниктің екпіні басылып, бірден жуасып сала берді. Әлгіндегі дауылдай дүлей жуан даусы енді жібек самалдай майда есілді.

– Мақсат Шаймерденқызы, есіктің алдында тұрып қалдыңыз. Үйге кіріңіз, – деп басын иіп, ізет жасады. Оны төргі бөлмеге жайғастырған соң, әйелі мен қызын шақырды. Екеуін жерден алып, жерге салды. Алтынова кетуге ыңғайланды. Полковник оған мойынын бұрды. Алабұртқан жүзінде өкініштің табы бар.

– Мақсат Шаймерденқызы, ескертпеңізден қорытынды шығарып, бәрін ретке келтіремін. Мен әлгінде асылық кеттім. Айыпқа бұйырмаңыз. – Оны төменгі қабаттағы сыртқы есікке дейін өзі шығарып салды.

Ертеңіне Мұхтар Ілиясовқа болған жайды айта бастап еді, оның екі көзі атыздай шатынап, шарт кетті.

– Мақсат Шаймерденқызы, мен сізге Сейітбековке жоламай-ақ қойыңыз деп едім ғой. Пәтеріне неге бардыңыз? Енді тағы да басымыз бәлеге қалатын болды-ау. – Реніштi үнмен үрей билеген кейіп танытты.

Мақсат Алтынова күлімсіреп:

– Мұхтар, сабыр ет. Қамықпа. Бүлінген ештеңе жоқ. Қайта ол райынан қайтып, тіл табыстық. Қызын бірлесіп тәрбиелеуге келісті. Егер кеше ол кісіден жасқанып, пәтеріне бармай қалғанымда, мен өзімді өзім ешқашан кешпес едім, – деді.

Директордың өрекпіген кеудесі басылып, сабасына түсті.

Түс әлетінде Сейітбеков директорға телефон шалған. «Мен осыған дейін Мақсат Шаймерденқызындай өз ісіне жан-тәнімен берілген, шәкірттеріне шын жанашыр жанды көргенім жоқ. Батыл талап қоя білетін және оның мүлтіксіз орындалуын қадағалайды. Міне, нағыз педагог! Ол қандай да құрметке лайықты». – Полковник оның жауабын күтпестен телефон тұтқасын қоя салды.

Оқу жылының соңында Сейітбеков мектеп ұжымының алдында бір құшақ гүлін Мақсат Алтынбековаға ұсынды да:

– Сіздің талап-тәрбиеңіз менің отбасымның өмір сүру салтына көп өзгерістер енгізді. Қыздарым орыс сыныбында оқыса да қазір үйде бір-бірімізбен қазақша көбірек сөйлесетін болдық. Сол үшін де мен сізді мақтан тұтам. Алғыстан басқа айтарым жоқ, – деді. Полковниктің «Қылша мойыным талшаға» келуі ұстаздар ұжымын қайран қалдырды.

Андрей Абраменко алты айдан соң №17 мектеп директоры қызметіне тағайындалды. Ол Алтыноваға телефон шалып:

– Мақсат Шаймерденқызы, бірге жұмыс істеуге қалай қарайсыз. Осы мектептегі оқу ісін қолыңызға алсаңыз, – деп өтініш айтты.

Ана бір жолы Мақсат Алтынова №17 мектепке де барып, «Қазақ тілі» пәнінің қалай оқытылып жатқанын көріп, іші қанжылап қайтқан-ды. Пән мұғалімдерінің де оқушылар мен ата-аналар алдында беделі төмен екенін байқап, еңсесі түсіп кеткен еді. Соларға аяныштан ба, әлде ішіндегі буырқанған ызадан ба, қанында намыс ойнап, енді өзінің орны сонда секілді сезініп, Абраменконың өтінішін қабыл алған.




Уақыт дөнен желдей есіп, өтіп жатты. Жоғарғы кластың жыл қортындысына ата-аналар әдеттегіден де көп жиналды. Жетекшілері есеп берді. Директордың орынбасары Мақсат Алтынова өз сөзінде жан-жақты тоқталды. Оқушылардың оқу үлгірімі пайызға шаққанда былтырғы көрсеткішінен әлдеқайда жоғары екенін, өкінішке қарай әлі де ақсап жатқан жайлардың барын да көпшіліктен жасырып қалған жоқ. Ата-аналар тарапынан алғыс айтқан, алқына сөйлегендер де болды. Қазақ ата-ананың бірі:

– Мақсат Шаймерденқызы, осы мектепке сіз келгелі өзіміздің кім екенімізді, Қазақстанда тұратынымызды сезіндік. Сіз біздің қорғанышымыз болдыңыз, – десе, еуропалық нәсілдегі енді бірі:

– Мақсат Шаймерденқызы, сіз өте талапшылсыз. Қаталдығыңыз да бар. Бірақ біз сізді өте жақсы көреміз. Несін жасырайық, бұрын кейде таңғы ұйқысын қимаған ұл-қыздарымызды сабаққа барғыза алмай қиналушы едік. Сіз келгелі бұл да жөнге келді. Қысқасы, балаларымызбен келісу, тәрбие жеңілдеді. Біздің ерке балаларымызға сіздей ұстаз қажет екенін енді-енді түсініп жүрген жайымыз бар. Сізге деген алғысымыз шексіз, – десе, ашаң өңді тағы бірі:

– Сіздің «Қазақ тілі» пәніне ерекше қарайтыныңызды да білеміз. Оны балаларымыздың сол пән сабағына бар зейіндерін салып, дайындалатынынан көріп жүрміз, – деп ағынан жарылды. Алтынова бәрінің уәждерін тыңдап болған соң:

– Маған балалардың бәрі бірдей. Мен олардан тек оқу мен тәрбиені талап етемін. Ғұлама Әл-Фараби бабамыз: «Білімге де тәрбие керек. Тәрбиесіз алған білім елге жақсылық әкелмейді» деген екен. Сіз бен біз Қазақстанда тұрып жатырмыз. Тәуелсіз елдің жеткіншектері орыс тілімен қатар қазақ тілін біліп жатса, оның несі айып. Ұстаздар қауымы заманымызға сай білімді, білікті ұрпақтар тәрбиелеу үшін аянып қалмауда. Оқушыларға бір-бірімізге деген сыйластығымыз, татулығымыз, ынтымағымыз, құрметіміз, бірлігіміз жайында күн сайын айтудан жалыққан емес, – деді.

Мектепте диаспора өкілдерінің балалары көп. Жергілікті ұлттың оқушылары да аз емес. Мақсат Шаймерденқызы мектепте «Қазақ тілі» пәнінен сапалы сабақ беруді жолға қойған. Оқушылардың бұрынғыдай «Қазақ тілі» пәніне жүрдім-бардым қарайтыны да тыйылған. Мамырдың соңында 9-шы сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан тапсыра бастаған кезі.

> **Бейсенбек Асқаров деген оқушы: «Мақсат Шаймерденқызы, өз ана тілімізге енжар қараушы едік. Сіз келдіңіз де «Қазақ тілі» пәнін басқа пәндер секілді оқу керектігін айтып, барлық оқушыларға қатаң талап қойдыңыз. Өткен бір жылдың ішінде-ақ өзге ұлт оқушылары әзірге жатық болмаса да қазақ тілінде сөйлей бастады. Сіз ана тілімізді көтеріп, біз өз ұлтымыздың қадыр-қасиетімізді енді тани бастадық. Сол үшін де сізді жақсы көріп кеттік» – деді. Бұл шәкірттің шынайы жүрек жарды сөзі.**

2009 жылы көктемде «Түрксіб» аудандық оқу бөліміндегі жиында Мекебай Қуанышбайұлы Бұзаубеков:

– Апырай, мына № 74-ші аралас орта мектепке директор табылмады-ау. Алты айдан бері бос тұр. Кімдерге қолқа салмадық. Бәрі бастарын алып қашады, – деді өкінішті үнмен.

Оның себебі бар. Мектеп қала аудандары бойынша ең төменгі көрсеткіш 25-ші орында тұр. Оқу ісі, әлеуметтік ахуал, күрделі жөндеу жұмыстары қожырап кеткен.

Мұхтар Ілиясов орнынан тұрып:

– Сіздер іздеп, таппай жүрген жанды мен білемін. Мына №17 мектептегі директордың орынбасары Мақсат Шаймерденқызы Алтынова сол қызметке лайықты. Бұрын менің қарамағымда істеген. – деді. Бұзаубеков таңданып:

– Апырай, Андрей Геннадьевичтен сұрағынымызда бізде директорға лайықты жан жоқ деп еді ғой, – деді. Ілиясов:

– Абраменко өзі ештеңе істемейді. Алтыноваға әбден арқа сүйеп алған. Мектептің бар жұмысы соның мойнында. Ондай іскер маманнан кімнің айырылғысы келеді? – деді аптыға сөйлеп. Бұзаубеков:

– Жарайды, Мұхтар, қалалық деңгейде өтетін директорға лайықтыларды іріктеу конкурсына құжаттарын тапсырып, сынақтан өтсін, – деп тапсырды.

Комиссия төрағасы аудандық оқу бөліміне телефон шалып: «Мақсат Шаймерденқызы, біз талайдан бері іздеп жүрген дап-дайын директор ғой. Осы уақытқа дейін оның қабілет-қарымын неге бағаламай келгенсіздер?», – деді қуанышын жасыра алмай.

Бұзаубеков оған сынай қарап:

– Мақсат Шаймерденқызы, №74-ші мектептің жағдайын мен айтпасам да естіп, біліп жүрсіз. Соған директор болып баруға қалай қарайсыз? – деп сұрақты төтесінен қойды.

Жұрт Алтынова не айтар екен дегендей құлақтарын түріп, сілтідей тына қалған. «Педагогтық іс-тәжірибем жетеді. Жеңілді сағалағаным жоқ. Ауырды арқаммен көтердім. Неге қылшылдаған қамал алар шағымда директор қызметінен бас тартуым керек? Қала берді Мемлекеттік тілді үйретудің бастауы мектепте ғой. Басқалар сияқты қиындықтан қашып, мұндай мүмкіндікті жіберіп алсам, кейін өкініштің үлкені сол болар. Ендеше, бұл іске де тас жұтып, тәуекел еттім». Ол басын көтеріп:

– Сіздер сенім артсаңыздар, мен қарсы емеспін, – деп сөзін қысқа қайырды.

Бұзаубеков:

– Ендеше бар айтарым, бұл қызметте сізге төзімділік, шыдамдылық аса қажет. Іске сәт! – Ол бұйрыққа қолын қойды.

Мектепте өткізген алғашқы педагогикалық жиында ол:

– Қазақ, не орыс сыныптары болсын оқушылар Мемлекеттік тілді білулері парыз. Әсіресе, орыс сыныбының оқушылары Гимн мен Абайдың ең кем дегенде бір өлеңін жатқа айтуы керек. Қазақ сыныптары мен орыс кластарындағы шәкірттеріміз «Қазақ тілі» олимпиадасында алдыңғы орындарды алмаса, пән мұғалімдерінің осалдығынан деп білемін. Басқа пәндерге де талабым солай, – деді.

Мектептегі тәрбие-тәртіп жұмыстарын шұғыл қолға алып, жолға қойғанша біршама уақыт та өте шықты. Оқушылардың оқу үлгерімі тоқсан сайын көтеріліп, ауданда көрсеткіштері жоғарылай берді. Алғашқы «Алтын белгі» таққан оқушы да топ жарды. Тек «Қазақ тілінен» ғана емес басқа да пәндерден озат оқушылар аудан, қалаға таныла бастады. Қазір мектеп жалпы көрсеткіш бойынша ауданда үшінші орында. Өткен жылы Америка білім беру саласы оның толайым еңбегін мемлекетаралыққа жүретін аса бағалы медальмен марапаттаған.



**Көлбай АДЫРБЕКҰЛЫ**

** Материалдың қысқарған нұсқасы. Толық мәтінді Qazaquni сайтынан оқи аласыздар.*

15 (1196) 13.04.2026
ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz





# ПРОГНОЗ СКАЛЛИОНА

## О СВЯЩЕННОЙ ВОЙНЕ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ

**Современная геополитическая турбулентность, характеризующаяся вооруженными конфликтами, экономическими войнами и разрывом связей, достигла критического уровня. И человечество находится в условиях возможного использования ядерного оружия, продолжения европейской и ближневосточной региональных войн и становления нового мирового порядка, осложненного климатическими, тектоническими, планетарными изменениями.**

### Впереди – геополитическая турбулентность

Это не только конфликт интересов на уровне Украина – Россия, Палестина – Израиль, Иран – Израиль + США, Афганистан – Пакистан или Тайвань – Китай, но и борьба за формирование нового миропорядка между «коллективным Западом» и странами БРИКС+. Геополитическое напряжение, в частности, вокруг Ирана, способствует эскалации.

В этом плане самое главное, чтобы геополитический, экономический передел мира, устроенный США и направленный, прежде всего, против Китая, как бы не перерос в военные столкновения между двумя гигантами. Ведь в январе 2026 года на фоне политического кризиса в Венесуэле прямые поставки сырья из страны в Китай были приостановлены. А теперь военная операция США против Ирана – важного экономического партнера Китая.

При этом даже привычные союзы тоже проходят трансформацию, изменения, реформирование. Тот же «коллективный Запад» – знакомый с советского периода союз определенных стран – ныне теряет единство. Например, вероятность присоединения Гренландии к США (через референдум или силовой захват) высока, так же как и возможность введения санкций США против ЕС, что кардинально изменит значение привычного понятия «Запад».

Это касается и военного альянса Запада – возможный выход США из НАТО, включая вывод войск.

При этом противостояния больше не локальны, а гибридные угрозы не знают границ: грань между миром и войной стирается из-за кибератак, информационных манипуляций, экономического давления и энергетического шантажа для дестабилизации без прямого вторжения, не говоря о шпионаже. Эти действия, часто совершаемые в «серой зоне» государственными и негосударственными акторами, направлены на подрыв суверенитета и критической инфраструктуры.

Гибридные угрозы и шпионаж сегодня – это не просто кража секретов, а комплексное воздействие на государство, бизнес и общество. Если раньше эти понятия разделялись, то сейчас они работают в связке, чтобы дестабилизировать противника «в серой зоне» – ниже порога открытого военного конфликта. И конфликтные тренды охватили многие сферы – экономика, технологии (ИИ, чипы) и доступ к ресурсам стали таким же полем боя, как и реальные границы.

Впереди геополитическая турбулентность, масштабы которой трудно переоценить. Международные отношения входят в «пике» на фоне роста ставок и глобальных изменений, что повышает риски и непредсказуемость. Помимо военных угроз, мир сталкивается с климатическими изменениями и риском «планетарных изменений», которые игнорируются мировыми игроками.

Хотя риски прямого столкновения великих держав сейчас выше, чем в прошлые десятилетия, все-таки это состояние не как неизбежный путь к глобальной катастрофе, а как болезненная трансформация мироустройства. История показывает, что пик напряжения часто вынуждает стороны искать новые пути, каналы связи, чтобы избежать взаимного уничтожения. Однако ООН, созданная для обеспечения мира, в настоящее время сталкивается с серьезным кризисом эффективности из-за геополитических разногласий и права вето в Совете Безопасности.

И опасный прецедент по захвату президента Венесуэлы, который радикально изменил геополитику, заставляет любое государство искать новые опоры в пошатнувшемся мире. А пока их нет, придется делать самое рискованное из всего возможного – доверять собственной интуиции, собственной аналитике и искать настоящих и постоянных друзей. И брать на себя ответственность за этот выбор – сейчас каждый за себя.

Поэтому всем государствам приходится «взрослеть» и исходить из реалий, из создающегося «беспорядка». В условиях, когда международное право окончательно заменяется правом сильного, рано или поздно все страны придут через эти потрясения к новому равновесию с новыми правилами.

Вместо единой глобализации мы видим регионализацию. Страны стремятся обезопасить свои цепочки поставок, разделяясь на блоки («свои» против «чужих»). Мир перестал быть центрированным вокруг одной сверхдержавы (США), но еще не пришел к устойчивому многополярному равновесию. Это промежуточное состояние и создает ощущение «рассыпания». Одновременное наслоение конфликтов, климатических изменений и технологических гонок (ИИ) разрушает старые договоренности быстрее, чем создаются новые.

Параллельно с военными действиями происходят масштабные экономические противостояния. Реструктуризация экономики и нарушение логистических цепочек. Геополитическая турбулентность, вызванная конфликтами, санкциями и сменой миропорядка, достигла пика. Эскалация, включая риски пошлин и военные действия, заставляет инвесторов уходить в безопасные активы.

### Человечество будет долго «штормить»

В реальности мы, скорее, наблюдаем не «пик», а смену самой модели мироустройства. То, что раньше считалось временным штормом, становится «новой нормальностью»: ныне глобальная турбулентность не только высокая – она становится постоянной, и человечество будет долго «штормить».

В самом деле, новый год начался с захвата президента Мадуро и его жены – и подобные события стали чередоваться с постоянностью. Под давлением США было принято решение Верховного суда Панамы об аннулировании прав на управление гонконгским холдингом CK Hutchison Holdings двух портов по обе стороны Панамского канала. Были «крупные движения» США в сторону Гренландии, что вызвало серьезный конфликт между США и Европой. Дело дошло до того, что в Европе обсуждают создание нового альянса из-за конфликта с США. Были и другие события, в том числе создание «Совета мира», который многие эксперты назвали возможной альтернативой ООН.



21 февраля вспыхнул военный конфликт между Афганистаном и Пакистаном, за которым последовали события в соседней стране.

Рано утром 28 февраля объединенные силы Израиля и США нанесли удары по правительственным и военным объектам Ирана.

Решение Соединенных Штатов и Израиля ввязаться в новую войну с Ираном создает крайне опасную ситуацию с непредсказуемыми последствиями. Израиль использовал слово «упреждающий», чтобы оправдать свою атаку. Президент США Трамп много говорил об опасности ядерных амбиций Ирана. Хотя после прошлогодней войны сам объявил, что иранская ядерная программа была «полностью уничтожена».

Факты же свидетельствуют о том, что это не ответ на неминуемую угрозу, которую подразумевает слово «опережение». Наоборот, это «война по выбору».

Мы наблюдаем кризис системы международного права, которая перестает сдерживать применение силы, переходя к «закону джунглей»: кто сильнее – тот и прав. Удары по высшему руководству, рассматриваемые как стратегия, свидетельствуют о возврате к силовым методам, где выживание государств зависит от их заранее обеспеченной устойчивости.

В международной практике существует неписаное правило (нормы «джентльменского соглашения» или политической целесообразности), подразумевающее воздержание от прямых покушений на глав иностранных государств, чтобы избежать хаоса, эскалации конфликтов и разрушения системы международных отношений.

Это своего рода «страховой полис» для самих лидеров. Если одно государство начнет официально практиковать устранение глав других стран, оно автоматически делает собственного лидера легитимной мишенью. Устранение главы государства редко решает проблему, часто приводя к еще большей нестабильности или к более радикальным лидерам.

В интернете есть информация о том, что в истории США, например, этот «неписаный» закон стал писаным: в 1976 году президент Джеральд Форд подписал Указ, который прямо запрещает правительственным структурам участвовать в политических убийствах (после разоблачений попыток ЦРУ устранить Фиделя Кастро и других лидеров).

Устав ООН и международное право защищают суверенитет государств. Убийство лидера – это прямое нарушение суверенитета. Официальное признание такой практики приравнивается к акту агрессии и объявлению войны.

Мир стремительно возвращается к первичной формуле: право подтверждается мощью. Можно спорить о мотивах Вашингтона, можно критиковать политику Тегерана, но главный вывод очевиден – в эпоху турбулентности выживают только те государства, которые заранее позаботились о своей устойчивости, в то время как остальные могут стать объектами чужих стратегий.

Генеральный секретарь ООН Антониу Гутерриш осудил военную эскалацию на Ближнем Востоке, включая применение силы Соединенными Штатами и Израилем против Ирана, а также последовавшие ответные действия Ирана в регионе. С таким заявлением 28 февраля выступила пресс-служба ООН.

### Прогноз Скаллиона о Священной войне осуществляется

Нынешнюю военную эскалацию вокруг Ирана необходимо рассматривать с учетом предыдущих конфликтов – они тесно связаны между собой как звенья одной цепи, в частности, известной как «Двенадцатидневная война» прошлогодней ирано-израильской войны, которая была «разведкой боем», чтобы нащупать слабые стороны противника. И в этом году мы видим ее продолжение в более масштабном варианте – нынешняя война дополняет прошлогоднюю.

Это заметно даже по политической риторике. Если в 2025 году премьер-министр Израиля Биньямин Нетаньяху в начале военной атаки выступил с видеообращением к иранскому народу с призывом восстать против своих лидеров, то в этом году президент США Дональд Трамп выступил с обращением к нации, в котором объявил о начале военной операции против Ирана и призвал иранских военных сдаться в обмен на иммунитет. Отдельно Трамп обратился к иранскому народу, призвав его после завершения военной операции «взять власть в свои руки», чтобы «добиться процветающего и славного будущего» при поддержке США.

С момента окончания 12-дневной войны 2025 года начало очередной операции США и Израиля против Ирана считалось вопросом времени. От Израиля ждали повторения операции против Ирана в 2026 году, но не-



многие могли тогда представить масштаб боевых действий и их последствий.

И в этом году мы видим продолжение предсказанной еще в середине XX века региональной войны, о которой мы писали в статье «Священная война и начало планетарных изменений?» («Қазақ үні», №25 (1154) 23.06.2025-№26 (1155) 30.06.2025; под этим названием опубликована и на сайте «Qazaquni.kz», 01.07.2025), написанной в первые дни начала военного конфликта, до вступления США в войну.

Приведем отрывок из статьи по этой теме полностью, чтобы читатель убедился – предсказание Скаллиона в общих чертах реально сбывается, и оно чрезвычайно важно для понимания современной и будущей глобальной геополитики и будущего человечества:

«В XX в. у профессора Майкла Скаллиона было сказано: «На территории от Польши до Турции разразится великая Священная Война, которая оставит за собой пепелища на немногих уцелевших землях».

Когда началась война в Украине, я думал, что, видимо, здесь имеется в виду война в Сирии (совсем рядом с Турцией, в которой участвует и эта страна) и война в Украине (рядом с Польшей). Затем случилась война Израиля и Палестины.

Но меня смущала определение «великая Священная Война». Великая может как региональная. Но Священная?! Где эта война?

Но вот 13 июня начался крупномасштабный военный конфликт Израиля и Ирана, который чуть не перерос в настоящую «священную» войну. Ведь аятолла Али Хаменеи неоднократно называл Израиль «раковой опухолью» Ближнего Востока, для уничтожения которой призывал начать СВЯЩЕННУЮ ВОЙНУ. В Иране противостояние с Израилем описывается как «религиозный долг» мусульман.

А Израиль ставит основной целью уничтожение ядерного потенциала Ирана.

Накануне атаки на ядерные объекты Ирана в рамках операции «Восходящий лев» премьер-министр Израиля Беньямин Нетаньяху посетил Стену Плача в Иерусалиме. Здесь он помолился и по традиции поместил записку между камней.

13 июня офис израильского премьера обнародовал фотографию, на которой он вставлял рукописное послание в щели святого места. В комментарий к фото говорится, что в записке была ссылка на яркий библейский стих: «Вот народ, который поднимается, как львица, и, как лев, возвышается».

Этот стих из библейской книги Числа имеет продолжение: «Он не ляжет, пока не будет пожирать добычу и пока не будет пить кровь убитых».

То есть в военном конфликте имеется очень даже нескрываемый межрелигиозный контекст, есть ссылки на Ислам, на Библию.

И в сети спорят, «чей Бог, религия сильнее».

Мы являемся свидетелями, как осуществляется один из главных пазлов прогноза Скаллиона о войне. Иран граничит с Турцией. Израиль – не сосед Турции, но совсем близко.

Масштабы израильских атак на Иран позволяют предположить, что цель Израиля не только устранение ядерной угрозы, но и смена режима в Исламской республике. Ведь премьер-министр



Израиля Биньямин Нетаньяху выступил с видеообращением, в котором обратился к иранскому народу с призывом восстать против своих лидеров.

Мы видим, что дело в регионе идет к большому противостоянию, которое продолжится, несмотря на перемирие.

Причем в эту войну прямо или косвенно вовлечены и ядерные державы. Китай на Совбезе ООН официально осудил агрессию Израиля против Ирана. США присоединились к боевым действиям против Ирана для уничтожения его ядерной программы. И это при том, что большая война уже четвертый год идёт в центре Европе – Украине. Идёт война в Газе.

Сейчас меняется мировой порядок, происходит переформатирование прежних центров влияния и создания новых: одни страны теряют былое преимущество, другие, наоборот, выходят на передовые позиции, появляются новые силы влияния. К тому же война порождает войну, насилие – новое насилие, и «разжигать костры» будут в тех регионах, где есть нестабильность, есть много проблем и противоречий, власти оторваны от народа и т.д.

Как мы знаем из истории, такое начинается в условиях войны и завершается после войны.

Что делать Казахстану? Полный нейтралитет и мирные инициативы: что предсказано законами Природы, того не миновать. Предсказательная аналитика свидетельствует: ныне Природа проводит очередное очищение планеты (и человечества). По прогнозам Скаллиона, Израиль






ждёт незавидная судьба.

В своё время человечество отвергло законы Природы, Космоса и выбрало свои законы развития (деградации), принцип «Большие рыбы поедают малых», решало проблемы путём насилия, колонизаций, преступлений, войн и т.д.

Ведь такие глобальные события были и раньше, например, катастрофа бронзового века, когда человечеством были отвергнуты справедливые законы Турана, Гипербореи и введены социальное неравенство, рабство, конфликты, войны, преступления и т.д. И Природа провела очищение путем изменения климата, однако человечество не извлекло уроков (см. Войны и агрессия человека вызвали глобальные изменения климата. Qazaquni, 12.02.2025).

В Казахстане есть древние знания абызов, их отчасти сохранили древние греки и римляне (о Гиперборее); сами наша земля, язык, эпос (мифология), история, обычаи хранят наследие гармоничного взаимодействия с Природой, есть сведения прорицателей и т.д., которые отчасти будут информационной основой для выхода из тупиковой ситуации».

**Информация религиозного характера о войне**

Понятно, что конфликт США и Ирана движим геополитикой: США стремятся не допустить появления ядерного оружия у Ирана, конкуренция за влияние на Ближнем Востоке, защита союзников: Израиля и Саудовской Аравии, стремление к контролю за иранской нефтью и др. После успеха в Венесуэле и фактического перехода нефтяного сектора под контроль интересов США – а между тем Китай вложил в эту страну около 60–70 млрд долларов и импортировал дешевую нефть – прямые поставки сырья в Китай приостановлены, судьба кредитов под вопросом.

А теперь война США против Ирана – важного экономического партнера Китая. Согласно некоторым оценкам, Китай импортировал 20% своей сырой нефти из Венесуэлы и Ирана, обходя доллар США. Вашингтон стремится разрушить эту схему, затрагивающую энергетическую безопасность КНР. Американцы не атакуют иранские нефтяные цели в Иране, которые обеспечи-



вают Китай. В противном случае это может привести к активности Пекина, который закупает более 80% экспортируемой Ираном нефти со значительными скидками, экономя миллиарды долларов.

Поэтому называть войну с Ираном «крестовым походом» в строгом смысле – преувеличение, хотя для части американских консерваторов это может быть «священной борьбой», но для государства – это, прежде всего, вопрос национальной безопасности и энергоресурсов.

В данном случае религиозный контекст важен для анализа прогноза Майкла Скаллиона о «великой Священной войне, которая оставит за собой пепелища на немногих уцелевших землях», – он в известной мере присутствует.

Убитый в результате атаки США и Израиля Али Хаменеи был не только верховным правителем Ирана, но и авторитетным духовным лидером исламского мира, особенно среди шиитов.

В ответ на убийство Хаменеи в Иране объявили джихад против США и Израиля – убийство религиозных лидеров в священный месяц Рамазан может разжечь конфликт, превратив его в «священную войну». В итоге в Иране войну против Израиля и США называют священным долгом и говорят, что отомстить – это теперь обязанность всех мусульман мира, а не только Корпуса стражей исламской революции или только шиитов.

Видный иранский религиозный деятель аятолла Макарем Ширази официально объявил священную войну Израилю и США после гибели верховного лидера исламской республики аятоллы Али Хаменеи.

«Иранский народ и исламский мир будут мстить за кровь мученика – верховного лидера Ирана... Эта месть – религиозный долг для всех мусульман мира, призванный искоренить зло из нашего мира», – сказал Макарем Ширази, его слова приводит иранское агентство Tasnim.

Интересная информация религиозного характера официально появилась в США 6 марта. Около двадцати религиозных лидеров со всей Америки собрались в Овальном кабинете, чтобы совершить коллективную молитву о «ниспослании силы» президенту США Дональду Трампу и защите для всех американских военнослужащих.

«Я молюсь о твоей благодати и защите для него (Трампа). Я молюсь о твоей благодати и защите для наших войск и всех мужчин и женщин, служащих в наших вооруженных силах. Отец, мы просто молим, чтобы ты и дальше давал нашему президенту силу, необходимую для руководства нашей великой нацией, когда мы возвращаемся к состоянию единой нации под Богом», – произнесли духовные лидеры в ходе коллективной молитвы, фрагмент которой был опубликован Белым домом.

Имеются сообщения, что часть американских военных воспринимает конфликт как «Божий план» для провоцирования Армагеддона и возвращения Христа. Конфликт подается как борьба цивилизации против фанатизма, превращая политический спор



в моральную драму. Сообщения свидетельствуют о том, что некоторые командиры используют религиозную риторику, оправдывая жестокость боевых действий.

В США существует влиятельное крыло протестантов-евангелистов, которые рассматривают противостояние с Ираном через призму библейских пророчеств. Для этой части электората поддержка Израиля и сдерживание Ирана имеют эсхатологическое (религиозно-мистическое) значение. Это оказывает давление на политиков, особенно из Республиканской партии.

Библейский контекст присутствует и в официальной политике Израиля.

Когда утром 28 февраля Израиль и США начали авиаудары по Ирану, премьер-министр Биньямин Нетаньяху в своем видеообращении провел параллель с событиями, произошедшими 2500 лет назад в древней Персии. Выбор времени для операции оказался глубоко символичным: она пришлась на дни, предшествующие иудейскому празднику Пурим, когда евреи вспоминают избавление от персидского вельможи Амана, замышлявшего уничтожить их. Библейский праздник Пурим и гибель Хаменеи для израильтян тесно связаны.

Главные раввины Калман Бер и Давид Йосеф также обратились к израильской публике с письмом, рекомендующим усилить молитвы и поститься для благоприятного исхода войны.

**Дастан ЕЛДЕС**

**(продолжение следует)**



# ПРАВИТЕЛЬСТВО УТВЕРДИЛО ПЛАН ПО ПРОДВИЖЕНИЮ НАСЛЕДИЯ

## *Ходжи Ахмета Яссауи до 2028 года*

**365info.kz сообщает, что правительство Казахстана утвердило План действий по продвижению и популяризации наследия Ходжи Ахмета Яссауи на 2026–2028 годы. Соответствующее постановление подписал премьер-министр Олжас Бектенов.**



Документ включает 37 мероприятий, направленных на изучение, сохранение и продвижение наследия мыслителя, а также на дальнейшее развитие Туркестана как одного из ключевых центров духовного туризма.

План охватывает пять основных направлений. Речь идет о совершенствовании институциональной и правовой базы, научно-исследовательской и образовательной работе, культурно-просветительских и творческих проектах, информационно-имиджевых и международных мероприятиях, а также о реставрационных работах.

Отдельный блок посвящен работе с молодежью и школьниками. Значительная часть мероприятий пройдет в Туркестане. В частности, в городе планируется провести республиканский этап традиционного конкурса «Яссауиведение» среди школьников, а также открыть при музее одноименный клуб для учащихся.

**Существенная часть работы связана с изданием произведений Ходжи Ахмета Яссауи и научных трудов о нем, выявлением письменного наследия мыслителя в казахстанских и зарубежных научных центрах и архивах, а также подготовкой каталога архивных материалов и документов.**

Власти также намерены усилить туристическое направление. Для этого планируется обновить информацию для туристов, включая гайдбуки, видеоролики и аудиогиды, разработать новые маршруты, в том числе адаптированные для иностранных гостей, а также провести научно-реставрационные работы в мавзолее.

Кроме того, документ предусматривает продвижение выявленного и исследованного письменного наследия Яссауи в рамках программы ЮНЕСКО «Память мира». Также будет прорабатываться вопрос об объявлении Года Яссауи или проведении специальных культурных дней в рамках ЮНЕСКО и ИСЕСКО.

Как отмечается, реализация плана должна расширить работу по сохранению и изучению наследия Ходжи Ахмета Яссауи, усилить его продвижение внутри страны и за рубежом, а также раскрыть потенциал Туркестана как важного духовного, культурного и туристического центра.

Ислам АСКАРОВ

# ВЕЛИКИЙ МЫСЛИТЕЛЬ
## СВОЕГО ВРЕМЕНИ

**Ходжа Ахмет Яссауи – одна из самых известных личностей тюркского мира – об это рассказывается в статье корреспондента «Казахстанской правды».**

И это неудивительно, ведь суфийский поэт, философ и проповедник сыграл ключевую роль в распространении ислама среди тюркоязычных народов.

Яссауи родился в городе Яссы в 1093 году и ушел из жизни в 1166-м в городе Исфиджаб, современном Сайраме в Туркестанской области. Описывая детство мыслителя, биографы отмечают, что он воспитывался в просвещенной семье. Согласно легенде, первым учителем и воспитателем Яссауи был Арыстанбаб. А когда наставник умер, юный Ахмет прибыл в город Яссы, так назывался тогда Туркестан.



Яссауи был полиглотом, владел несколькими языками, рано начал изучать восточную поэзию, писать стихи на арабском, чагатайском, персидском и тюркском. Он получил образование в медресе Имама Юсуфа Хамадани в Бухаре. А в родной Яссы вернулся уже как знаток суфизма.

«Ходжа Ахмет Яссауи был первым талантливым тюркским поэтом, написавшим свои произведения на огузско-кыпчакском диалекте. Среди наиболее известных его произведений – «Диван-и Хикмет» («Книга мудрости»), «Мират ул-Кулуб» («Зеркало души»), «Пакыр-нама» («Сказание о бедном»). Но наиболее известной считается его «Книга мудрости», которая написана на старотюркском языке с кыпчакским диалектом и относится к общему наследию тюркоязычных народов. «Диван-и Хикмет» переписывался множество раз, редактировался, дополнялся. Рукописи произведения хранятся в библиотеках Ташкента, Санкт-Петербурга, Стамбула и в Алматы», – отмечала доктор исторических наук, известный тюрколог Айман Досымбаева в своих трудах.

В последние десятилетия «Диван-и Хикмет» несколько раз переиздавался как за рубежом, так и в Казахстане. Айман Досымбаева считает, что мусульманская культура, представленная целой плеядой мыслителей эпохи, объективно нуждавшаяся в создании совершенно новой идеологии, которая бы основывалась на ценностях тюркоязычных народов, нашла свое воплощение в идеях Ходжи Ахмета Яссауи. Его учение, отраженное в хикметах, было очень востребовано среди его учеников-последователей, многие из которых стали поэтами, основателями религиозных и поэтических школ.




Спустя более 200 лет после смерти Яссауи правитель Тимур решил воздвигнуть мавзолей на месте захоронения мыслителя, уже получившего звание святого. Тимур сам руководил созданием плана и строительством мавзолея в период с 1396 по 1399 год. Специально для этого были приглашены мастера из Персии, Ирана, Азербайджана и Индии. Помимо сотен людей, для строительства мавзолея сюда привезли даже около ста слонов.

Интересный момент: о самом строительстве есть легенда, согласно которой рабочим все время мешал появлявшийся из ниоткуда бык. Он постоянно все рушил вокруг. Но однажды Тимуру приснился святой, который рекомендовал вначале построить усыпальницу на могиле учителя Яссауи Арыстанбаба. И только после того, как был возведен этот мазар, дело сдвинулось с мертвой точки... Надо сказать, что качество изготавливаемых вручную кирпичей было высоким, как и мастерство строителей, это позволило зданию сохраниться до наших дней.



Айман Досымбаева в статье, опубликованной на сайте Института истории и этнологии им. Ш. Ш. Уалиханова, дает следующее описание: «Мавзолей шириной 46,5 м и длиной 65 м ориентирован с юго-востока на северо-запад. В процессе его возведения использовалось множество различных архитектурных моделей и способов для строительства большого портала, нескольких кумбезов и многочисленных комнат.

Сердцевиной мавзолея считается құлпытас Ходжа Ахмета Яссауи, установленный на месте его захоронения. Эпиграфические надписи на стенах, фризах содержат выдержки из сур Корана. Мозаичные украшения михраба, расположенного в западной части мавзолея, и использование бело-голубой майолики в качестве элемента декора придают помещению особый колорит и воспринимаются как шедевр архитектуры средневековых мастеров строительного и прикладного искусства. Стоит отметить, что благодаря особенной конструкции в мавзолее уникальная акустика, и это особенно заметно, когда звучит молитва священнослужителей.

Один из основных атрибутов памятника культуры – Тайказан, установленный в центральном зале. Это орнаментированный шедевр литейного искусства, в верхней его части по периметру наружной стенки есть 32 выпуклых налепа. Ниже, также по периметру наружной стенки, нанесена надпись, выполненная арабской вязью. Надпись гласит: «Сосуд для воды». К слову, внутри этого храма есть настоящий колодец, вода из которого также считается чудодейственной».

Закономерно, что сегодня мавзолей Ходжи Ахмета Яссауи – объект Всемирного наследия ЮНЕСКО.

...По легенде в 63 года Ходжа Ахмет Яссауи предпочел мирской суете служение Всевышнему. Последние годы он провел в подземной келье. Добровольно отказаться от света и уйти в подземелье суфий решил, когда достиг возраста пророка Мухаммеда. К слову, это убежище сохранилось по сей день. В начале 1990-х спуститься туда мог каждый желающий, однако потом, когда поток туристов в мавзолей увеличился в разы, его закрыли решеткой, и теперь лицезреть келью великого суфия можно только снаружи.

В мавзолее также покоятся ханы Абылай, Жолбарыс, Суйиниш, Есимхан, Тауке, Касым и другие правители, Казыбек-би, Богенбай-батыр, дочь Улугбека и супруга правителя тимуридов Рабия Султан бегим, десятки других знаковых для казахского народа личностей.

Кроме мавзолея, в комплекс также входят старинная баня, мечеть, пантеон и библиотека. Это одно из самых популярных мест у паломников. В народе верят, что посещение мавзолея великого суфия очищает, меняет энергетику, его даже называют малым хаджем. Помимо паломников, чтобы увидеть архитектурное чудо и прикоснуться к Тайказану – символу изобилия и процветания, сюда круглый год приезжают туристы со всего мира.

Зарина МОСКАУ



# ШЕСТЬ ПРИЧИН, ПО КОТОРЫМ МИРОВОЙ КРИЗИС ПРОДЛИТСЯ ДОЛЬШЕ ВОЙНЫ В ИРАНЕ

**Крупнейший в истории мировой энергетический кризис только начинается, и ни временное перемирие, ни даже окончание войны США и Израиля с Ираном не позволят вернуться в довоенное прошлое, где дешевые нефть и газ текли рекой, бизнес развивался, а доходы населения худо-бедно, но росли. Об этом в материале bbc.com. Восстанавливаться придется долго и дорого — по многим причинам.**

**Вот первые шесть.**

### 1. Дефицит нефти только начинается

Танкер с нефтью из Персидского залива идет к покупателям месяц-полтора. Война началась как раз полтора месяца назад. Только сейчас мир столкнется с отсутствием физических поставок нефти, поскольку все это время Ормузский пролив был фактически закрыт.

«Апрель будет намного хуже марта. По самым скромным подсчетам, дефицит удвоится», — сказал глава Международного энергетического агентства (IEA) Фатих Бироль.

«В результате будет инфляция и замедление экономического роста, — сказал он. — А может быть намного хуже. Тогда скоро дойдет и до нормирования потребления энергоресурсов во многих странах».

Цены на нефть взлетели из-за войны в Иране даже в условиях, когда танкеры в прежних объемах разгружали вывезенную до войны нефть. Теперь, когда нефти физически будет меньше, цены не упадут на довоенный уровень, даже если Иран немедленно откроет пролив.

Новый виток нефтяного кризиса начинается прямо сейчас. Ждать ли нефть по $200?

На восстановление поставок в идеальных условиях уйдет еще месяц-полтора. В реальности дефицит будет ощущаться еще несколько месяцев, вплоть до конца 2026 года, признало в последнем обзоре EIA — статистическое подразделение Министерства энергетики США.

Но с нефтью проще всего — Саудовская Аравия и другие страны региона смогут быстро нарастить добычу, если на Ближний Восток вдруг придет прочный мир. Гораздо хуже обстоят дела с газом.

### 2. Газовый кризис серьезнее нефтяного

До войны мир усиленно пересаживался на сжиженный газ, чтобы избавиться от зависимости от трубопроводных поставок, которые Россия превратила в инструмент давления на Европу, чем вызвала предыдущий мировой энергетический кризис 2022 года.

Газ становился все дешевле, к тому же он чище угля, и его доля в энергобалансе бодро увеличивалась. Война в Иране показала, насколько рискованной была эта ставка.

На запертый в Персидском заливе Катар до войны приходилось 21% мировых поставок сжиженного газа, или около 17% общего предложения на газовом рынке. Заменить их решительно нечем.

«Репутация газовой отрасли в целом пострадала. Сжиженный газ позиционировался как надежный, доступный и гибкий вариант. Но сначала российский газ в 2022 году, теперь вот катарский», — сказал глава IEA Бироль.

Быстро восстановить поставки сжиженного газа не получится. Альтернативных путей доставки его из Катара морем нет, тогда как нефть продолжает экспортироваться по сухопутным нефтепроводам в обход Ормуза.

Более того, будущее туманно, что определенно поддержит повышенные цены на газ еще не один месяц. Все потому, что Катар из-за войны отложил обещанный ввод в строй новых мощностей, да к тому же лишился части уже существующих. И это — третья причина обещанного миру затяжного кризиса.



### 3. Не только перебои, но и разрушения

Одно дело — открыть пролив для танкеров и газовозов, другое — восстановить добычу и производство на месторождениях и заводах, поврежденных за полтора месяца бомбардировок.

По данным IEA, за время войны пострадало более 40 объектов нефтегазового комплекса стран Ближнего Востока.

Самым серьезным оказалось разрушение части катарского газового комплекса в Рас-Лаффане. Иранские ракеты вывели из строя 17% мощностей крупнейшего в мире завода сжижения газа.

Подобное оборудование — штучный товар, изготовленный под заказ. Поэтому на ремонт уйдут даже не месяцы, а годы: от трех до пяти, по оценке катарских властей.

Европе и миру грозит газовый кризис из-за эскалации войны в Иране. Плохие новости для всех, кроме России

Аналогичные проблемы в других странах. Иранские дроны поразили нефтеперерабатывающие заводы, месторождения и прочую энергетическую инфраструктуру в ОАЭ, Кувейте и Ираке. На ремонт уйдут месяцы и миллиарды долларов.

До войны эти деньги были отписаны на расширение и увеличение предложения энергоресурсов в мире. Теперь они будут потрачены на восстановление разрушенного. И это — четвертая причина затяжного кризиса.

### 4. Денег нет

Страны Персидского залива до войны планировали расширять производство, чтобы обеспечить растущие потребности растущего мирового населения и экономики в энергоресурсах. Страны-потребители рассчитывали, что нефти будет достаточно, а газа станет больше.

Однако теперь Саудовская Аравия, ОАЭ, Иран, Катар и прочие страны региона вынуждены будут тратить деньги не на расширение, а на восстановление прежних объемов выпуска нефти, газа и нефтепродуктов. А также на перевооружение для защиты от будущих атак.

Потребителям тоже придется раскошелиться. И на подорожавшие энергоресурсы, и на инвестиции в альтернативы — атомную, солнечную и ветровую энергию, аккумуляторы и уголь. А также на субсидии населению и промышленности.

При этом в отличие от двух предыдущих кризисов на нефтегазовом рынке, спровоцированных ковидом и Кремлем, на этот раз у стран-потребителей меньше возможности занять у будущих поколений ради помощи нынешнему.

Тогда инфляция была ниже, равно как госдолг и дефициты бюджетов. На этот раз власти оказались перед двойной проблемой: замедление роста экономики сокращает налоговые поступления и, соответственно, возможности поддержать бизнес и население субсидиями из бюджета, а ускорение инфляции исключает поддержку за счет снижения ставок по кредитам.

К тому же, у будущих поколений в этот кризис уже заняли, распечатав стратегический нефтяной резерв. Долг придется возвращать, и это — пятая проблема.

### 5. Резервы не бесконечны. И их нужно пополнять

Чтобы сгладить дефицит нефти на рынке, западные страны-потребители приняли решение о беспрецедентной интервенции — продать 400 млн баррелей из стратегических запасов. Именно поэтому цены на нефть выросли не так сильно, как могли бы.

Для контекста: мир потребляет около 105 млн баррелей нефти в день. Из-за иранской войны отрезанными от рынка оказались 10-12 млн баррелей ближневосточной нефти в сутки. Продажа сырья из западных резервов компенсирует 3-4 млн баррелей в день. Еще некоторые объемы попали на рынок благодаря тому, что запасы есть и у Китая, а также в связи с тем, что США сняли санкции с иранской и российской нефти в море.

Интервенции рассчитаны на 4-5 месяцев. После чего в какой-то момент запасы придется восполнять.

Дональд Трамп ругал Джо Байдена за то, что тот распродал часть американского нефтяного резерва после российской агрессии и последовавшего энергетического кризиса. Он обещал восполнить резерв, но так и не сделал этого. На этот раз запасы сократятся до опасного уровня, и США, как и другие страны, вынуждены будут понемногу восполнять их, не дожидаясь благоприятных цен. Так велят и закон, и соображения национальной безопасности.

Восполнение стратегических резервов поддержит цены на нефть и продлит энергетический кризис. И это не единственное долгосрочное последствие войны Трампа с Ираном.



### 6. Угроза возобновления войны

Представление о Ближнем Востоке как надежном источнике энергии подорвано на долгие годы вперед. Война не завершена, и при нынешних ультимативных переговорных позициях США и Ирана конфликт угрожает в любой момент вспыхнуть с новой силой.

Война сказалась на безопасности и надежности поставок, заставила переоценить риски, подняла цены на страхование и перевозки. Все это будет заложено в цены энергоресурсов для конечных потребителей на долгое время вперед, если не навсегда, предупреждает Министерство энергетики США.

В свежем прогнозе энергетического рынка до конца 2027 года написано:

«На протяжении всего прогнозируемого периода цены на нефть будут включать повышенную премию за риск. После открытия Ормузского пролива потребуется время для устранения накопившихся проблем, а вероятность будущих сбоев останется фактором риска и будет обусловливать формирование премии в цене на нефть».

Проблема не ограничивается Ормузом. Хуситы по-прежнему угрожают Красному морю, и в мировом океане еще много других узких мест, на которые способны покуситься страны и группировки, вооруженные дронами и вдохновленные примером Ирана.

Мир слишком спокойно воспринял иранскую войну, уверен глава Международного энергетического агентства, созданного богатыми странами-потребителями нефти после масштабного нефтяного кризиса 1970-х годов. Тогда дефицит сырья обернулся инфляцией, падением уровня жизни, социальными и политическими потрясениями.

На этот раз все хуже, пугает Фатих Бироль.

«Пока что Азия пострадала больше всех, но кризис дойдет и до Европы, и до других регионов», — уверен глава IEA.

Первые три недели войны Бироль не выступал и подчиненным велел воздерживаться от комментариев. Но последние две недели он вещает из всех утюгов.

«Я заметил, что власти в Европе и по всему миру недооценивают масштаб проблемы и ее последствия не только для энергетического сектора, но и для мировой экономики. И я решил поделиться с ними определенной статистикой, чтобы они поняли, насколько все серьезно».

«Мы вступаем в самый масштабный энергетический кризис в истории», — сказал он.

**Алексей КАЛМЫКОВ**

# СОЛ КЕЗДІҢ ӨЗІНДЕ ҰЛТШЫЛ ЕДІ

### «Известияның» сынына пысқырмаған Айманов

**Алдымен мынадай бір сауалға иек артып сөйлейік. Біз қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосып, айтулы із қалдырған тұлғаларға неге оралып отырамыз, оларды неге үлгі-өнеге етеміз? Бүгінгі қазақ киносы, сахнасы неге жиі сынға ұшырайды? Ұлттың көркемдік кеңістігінде не болып жатыр өзі? Сіздің рухани қажеттілігіңіз неге қанағаттандырылмайды? Егер хал-қадеріміз жетіп жатса, осының өзі тақиямызға тар келер тақырып емес.**

Шәкен Аймановты қазіргі интернеттің иіріміне түсіп кеткен ұрпақ білмеуі немесе «старомодный» деуі әбден мүмкін. Дейді демейміз, әбден мүмкін дейміз. Ал, шын мәнінде Айманов кім?

1932 жылы небәрі он сегіз жасында Ғабит Мүсіреповтің назарына іліккен Шәкен кім еді? Әлі де оңы мен солын танып үлгермеген бозбаланың бойынан Ғабең не көрді?

Арада жөңкіліп қаншама жылдар өткен соң барып өзін-өзі дәлелдеген Аймановтың бойынан сырбаз суреткердің не көргені бәрімізге түсінікті болып шыға келді. Моцарт екі-үш жасында құлағы шуылдап жылай береді екен. Осыған ұқсас бір жайды Кәукен аға да айтып еді. «Шәкен бала кезінде қатты жылайтын. Бірде жолаушылап келе жатқан бір кісі біздің үйде түстенді. Әлгі кісі кетерінде: «Әй, мына балаға қол тигізуші болмаңдар, мұның арқасы бар, бұл тегін емес» – деді.

Сол кісі айтқандай, басқа сүрлеумен кетсе де ол тегін адам болмас еді. Ұлттың бағына бұл кісінің өнерге келгенін айтсайшы. Қазақ халқының бойында өнердің сан түрі болған. Бірақ, сол қай-сыбір өнер түрінің кәсіби деңгейге дамуы кемшін болғаны жасырын емес. Өзі сан қырлы дарын иесі Айманов көркемөнерді сол биікке көтерді. Елу алты жасында өмірден озды. Мәжит Бегалин де, Абдолла Қарсақбаев та осы жастың о жақ-бұ жағында өмірден қайтты. Осы бір жағдайдың өзінде де бір қисын бар ма, қалай? Егер отыздан асқанша қалыптасу, даму үстінде болды десек, небәрі жиырма-жиырма бес жылдың ішінде қалдырған ісінің өзі бүгінге аңыз етіп айтуға жетіп жатыр.

Камал Смайыловтың айтқанындай, өмірден озарының алдында «Енді Абайға кірісуге болады, актерім де әбден пісіп-жетілді» деген екен жарықтық. Демек, бұған дейінгі жанкешті ізденістер осы кесек туындыға барар жолдағы баспалдақ болған екен ғой деп топшылаймыз.

Ертеректе Францияда дүние жүзі кино мамандарының басқосуы өтеді. Сондағы француздардың айтқаны ғой. «Сіздер әркімге еліктемеңіздер, әсіресе, европалықтарға еліктемеңіздер. Бізге сіздің танымыңыз, пайымыңыз керек. Сіздің өнеріңіз керек». Сол еліктеу, солықтау бізге күні бүгінге дейін жабысып келе жатқан жоқ па? Шәкен ешкімге еліктемейақ, таза ұлттық өнер жасаған жоқ па? «Түрі ұлттық, мазмұны социалистік» деген қағида қағынып тұрған тұстың өзінде ол түрі де, мазмұны да ұлттық дүние жасаған еді ғой.

Шәкен қанша рет кино түсірсе, сонша рет сүйікті партияны да алдаған шығар деп ойлайсыз. Ұлттың пайдасына, әрине! Ол кезде басқа халықтан гөрі қазаққа хандар, батырлар туралы фильм түсіруге мүлдем тыйым салынған болатын. Соны білген Шәкен комедия жанрына батыл ден қойды. Аңыздағы кейіпкер Алдар көсе туралы ғажап фильм түсірді. Әзілдің түбінде зіл, астарында ақиқат жататыны белгілі ғой. Осы фильм арқылы ұлттың тарихын, ақылмандығын нанымды деректермен көктей шолып көрсетті. Қысқасы, өз ұлтына бүйрегін бұрып бара жатса, тез біле қойып, мәселеңді майшаммен қарайтын жүйені адастырғысы келді. Ол ойына да біртіндеп кол жеткізіп келе жатыр еді. Соңғы аққу әні – «Атаманның ақырын» айтсаңызшы. Қазақ киносын кәсіби биікке көтерген, өзі де биікке көтерілген тұс еді бұл.

Аймановтың күні бүгінге дейін халық сүйіспеншілігінен бір елі ажырамай келе жатқанының сыры неде?

Ол – сол кездің өзінде ұлтшыл болды. Осы қасиеті оның озық дүниелер жасауына жол ашты. Әуезов айтқандай, ол ұлт мүддесін қорғауға келгенде «қол батыры да, ой батыры да» бола алды. Бүткіл қазақтың биігі Жүсіпбек Аймауытовтың «Мәдениет дегеніміз – ұлтыңды өліп-өшіп сүю» деген сөзі бар еді. Оның да өмір бойғы ұраны осы болды. Кино ұлттық болған жағдайда ғана сен өзіңді де, өзгені де мойындатасың деп сенді, солай өтті өмірден. Міне, оның ұлттық өнерімізге алып келген осы қолтаңбасы талайлардың ұйқысын да бұзған. Озбыр орталықта отырып алып, ойына келгенді жазып, жүйкесіне ши жүгірткендер де болған. Сол тұста «Известия» газетінде «Бір қолға екі қарбыз» деген фельетонсымақ жарияланып, Шәкен ағаның шығармашылығы сынға алынған. Алайда, алып Айманов ондайды елеуші ме еді, пысқырған да жоқ. Ондайлармен алысуға уақыты да жоқ еді.



Аймановтың бір елеулі фильмі – «Атамекен». Осы туындысында ол қазақтың қара шалы мен немересі арқылы ұлт болмысын ғажап бедерлейді. «Мені өлгенде Шәкеңнің қасына қойыңдар» дейтін (солай болды да) Елағанның осы кинода жасаған образын біздің жыл сайын кино түсіргіштерге көзін шұқып көрсетіп отырса дейсің.

Оны дүниенің қай бұрышында болсын құрметтейтін. Шекспирдің 400 жылдығында Англияда Отелло рөліндегі актерлердің үлкен сайысы өтті. Сол бәйгеде бас жүлдені алып, топ жарды. Ол қазақ киносы үшін бедел болды. Оның фильмдеріне сол кездегі елімізге, Одаққа мәшһүр актерлер түсті. «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры», «Атамекен», т.б. фильмдерінде тұтас элита ойнады. Өңкей жақсы мен жайсаң, кіл жүйріктер ойнаған фильмнің сәтсіз түсірілуі мүмкін бе?! Тек актерлер емес, барша суретші, композитор, ақын... бәрі-бәрі атсалысты. Сөйтіп ол көп таланттың тұсауын кесті. Міне, Шәкен осылайша ұлттың бағын ашу үшін бірнеше бағытта жұмыс істеді.

Ал, қазір қалай? Тәңірім, Аймановты осы кезге дейін тірі қойғанда біз де осыншалықты таусылып, жүйке жұқартып, бүгінгінің білместігіне налымаған болар едік. Ең алдымен фильм ұлттық қасиеттен жұрдай, негізінің өзі дұрыс емес, іргетасы, кірпішін калаудың өзінен бірден қателікке бой алдырып жатамыз. Оның үстіне әртісті шет елден шақырамыз, өзімізге менсінбей қараймыз (осы дерт қазір дендеп тұрған тәрізді).

Содан әлгі дәлдүріштердің фильмі туралы сын жаза қалсаң, «бұл менің пікірім, менің көзқарасым, менің бәленшем» деп шыға келеді. Ал оны халық бағаламаса, көрмесе, оның жеке пікірі кімге керек? Шәкен заманында осылай болды ма? Әрине, Шәкеннің шығармасының бәріне шедевр деп қарауға болмас. Бірақ, сол фильмдердің қанша уақыт өтсе де халық жалықпай көре беретіндей не құпиясы бар? Әлі күнге дейін неге ынтығып көреді? Осының сырына үңілсек керек-ті. Сен қандай дүние түсірсең де оның өн бойында ұлтқа тән қадір-қасиеті болмаса, бәрі далбаса. Басқадан ешқандай құрмет күтпе. Өсіп кеткен елдер сені кино арқылы таниды. Өз деңгейімен қарайды саған. Міне, Шәкендер жатса-тұрса осыны ойлады. Оның ұмытылмайтыны да, жыл сайын биіктей беретіні де сол себептен. Бұдан басқа түк құпиясы жоқ.

Бар болмысын ұлттық өнер жасауға бағыттаған, елін егіліп сүйген Шаһкәрім (азан шақырып қойған аты екен) – Шәкен Аймановты азуы алты қарыс «Известияның» ауыздықтай алмауының да сыры осында.

### Майқанованың мәнері

**Сәбира Майқанова туралы да осы әсерден бір елі ажырамай отырып калам тербеуге болады. Өмірбақи сахнада көз жасы кеппей өткен осы бір аруана актрисаны ғажайып демеске ешкімнің амалы қалмайды.**

Актерлік пен режисссерлік қос қанатына айналған Шәкен Айманов үлкен киноға театр арқылы барғанын білеміз. Бірақ, біз өкінішке қарай, ол кісінің өнерін көрген жоқпыз. Ал, Сәбира апаның әр ойынынан қалған жоқпыз десек, қателесе коймаймыз. Тіпті, «Ана – Жер-Ананы» қанша мәрте көргеніміз есімізде жоқ. Бәлкім, қанша рет болды, сонша рет барған да шығармыз. Актриса туралы осыдан көп жылдар бұрын «Егемен Қазақстанға» эссе жазған күндерім есімде. Сол күндері әкемтеатр менің екінші үйіме айналып кеткендей еді. Актрисаның зор тұлғасы, дауылпаз дауысы әлі күнге көз алдымда.

«Ана – Жер-Анада» ойнау үшін адамға қаншама энергия, күш-қайрат қажет десеңізші! Бұл тек өзін осы салаға арнаған, жүрек шамы үнемі жанып тұратын өнерпаздың ғана қолынан келетін іс. Апайдың айтуынша, бірде Уфада осы спектакльде бір күнде екі рет ойнапты. Демек, жеті сағат бойына сахнада болған. Ал, енді, өзіңіз ойлап көріңізші, осынша уақыт үздіксіз ағыл-тегіл жылау, үңілеу, бір қуану, бір қайғыру тәрізді егіз стихиялармен тыныстау актриса түгілі, соны көріп отырған адамның өзін қандай күйге түсіреді десеңізші?!

Бірде бір студент бала спектакль біте сала жылап жіберіпті. Сонда әлгі қыз бала солығын баса алмай тұрып: «Мен енді апама күнде хат жазамын» депті. Бұл спектакльден алған көл-көсір әсердің бір ұшқыны ғана. Ол кездің бір ғажабы сахна мен көрерменнің арасында қойылым бойына осындай бір көзге көрінбес, ыстық сезімдер, ынтық сәттер үздіксіз жүріп жататын. Сәбира апайдың ойыны қаншама жүректі тербетті, қаншама адамды шынайы ләззатқа бөледі десеңізші! Ол сол күндерде тек сахнаның ғана емес, бәрімiздің рухани анамыз болып кетті. Оның әр ойынын көріп қайтқан сайын шешеміз мандайымыздан сипағандай болушы едік. Бізді сезімшіл, әсершіл, керек болса, ойшыл етуде сол тұлғалардың ықпалы аз болған жоқ.

Екі тұлға, екі ағыс, екі асыл арна. Тоқтау бермей, тереңіне тарта береді.

Майқанованың мәңгілік мәнері. Бұл сөзді Құдай өзі аузымызға салып отыр-ау. Расында да, қаншама жылдар өтсе де бұл бейне неге ұмытылмайды? Себебі, оның ойынында фальш атаулы атымен болмайтын. Сол табиғи қалпымен баурайтын. Сонау алғашқы рөлі (1932 жыл) Б.Майлинның «Майданындағы» Алтынайынан бермен қарай жадымызда жатталып қалатын қаншама образдар қалдырды. Алматыға келіп сатушы болып, таныс құрбыларымен күн құрғатпай театрға барып жүріп, ақыр соңында осындай аңыз-актрисаға айналды. Адам тағдыры деген осы. Фарида Шәріпова айтпақшы, театрдың әр маусымы Сәбира апамен ашылып, өмірден озғанша Сәбира апамен жабылып жүрді.

Бүгінде театрға бармайды емес, барамыз. Кейде образға кіре алмай жатқан актрисалардың өнерін көргенде көз алдымызға Сәбира апам келеді. Неге? Бұл сауалымызға мына бір жағдай бөлкім жауап берер ме екен.

Тәуида «АиФ» апталығынан орыстың Майқанова рухындағы (бұрын орысқа теңеп сөйлеуші едік) әйгілі актрисасы, «Тынық Дондағы» Аксиньяны ойнаған Элина Быстрицкая қазіргі орыс руханиятының жай-күйіне мазасызданған күй танытыпты.

«Мені кейде белгілі өнер адамдарының телеарналардан «клево» деп жататыны таңқалдырады. Бүгінде біздің басымызды біріктіретін тек қана өнер, әсіресе, опера және балет өнері. Бұл таза, тұнық өнер. Ешкімді ренжіткім келмейді, бірақ, біздің басымызды шоу-бизнес ешқашан біріктірмейді. Мен телеарналардың кейбір бағдарламаларын көргенде қатты қысыламын. Мен оны бандиттердің сауат ашуы дер едім. Бір мезгілде айқайға басып, бір-бірін тыңдамай жатқан адамдар, мұндай ток-шоулар кімге қажет екенін түсінбеймін» дейді әйгілі актриса.

Жұрттың миын айранға айналдырып жіберген шоу емес, шу бизнестің Қазақстандағы жағдайы да Ресейден артып тұрғаны шамалы. Атақты актриса кешегі тұтас бір ұлтты тәрбиелеген, қалыптастырған ақсүйек өнер – театрдың, сахнаның киесі қашып бара жатқанына налып отыр. Міне, біздің де бүгінгі өнердегі жанын төзбес жағдайды көргенде Майқанованың мәнерін сағынуымыз да заңдылық қой.

Мектепте оқып жүрген кезіміз есте. Ұстазымыз Пернебай Дүйсенбин оқушыларын жан-жақты тәрбиелеуге тырысатын. Ол осындай белгілі адамдар туралы сабақтың кіріспесі ретінде айтып барып, содан кейін сабағына кірісетін. Ал, біз әлгі адамды бірден мимымызға тоқып алатынбыз. Мектеп бітіргенше біз қаншама тұлға туралы біліп шықтық. Ал, қазір Айманов пен Майқанова туралы айтатын мұғалім бар ма? (Бірде мектеп бағдарламасына қосымша «Тұлғатану» пәнін енгізсе деген ұсыныс айтқан едік).

Мақаланың бастауында айтылғандай, өнерде қатар тер төккен, ұлты үшін ұланғайыр іс бітірген тұлғаларға қайта оралып отыруымыздың, оны үлгі-өнеге тұтуымыздың себебі де осы.

Өнер тектіліктен тамыр тартады. Бұл екеуі де кешегі «самородок сары алтындардай» өзегі тола өнер еді. Бақыт дегеннің өзін көп айта бермейсің ғой, сірә, солардың өнерін көріп өскен біз бақытты буынбыз.

Үмітсіз емеспіз ғой. «Орнында бар оңалар» деген. Қазақ сахна өнері де әлі талай биікке шығар. Сол биікке қарап тұрып, Шәкендердің, Сәбиралардың арманы осы еді ғой деп бір серпілер күнге жетейік. Сол серпіліс сазын бірге бастан кешейік.



**Қали СӘРСЕНБАЙ,**
**жазушы.**




ГАЗЕТІМІЗДІҢ №14-САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ



## КАРИКАТУРА

Суретті салған - Ғалым Смағұл



## ӘЗІЛ

Әйелі күйеуіне:

– Күнде ішесіз, қашан қоясыз ішкенді? – десе, күйеуі күні ертең қойып, басқа адам болатынын айтыпты. Бірақ ертесіне тағы араққа тойып алыпты. Оны көріп ызаланған әйелі:

– Кеше ертең ішкенді қойып, басқа адам болам деген едіңіз ғой?! – десе, күйеуі:

– Мен негізі басқа адам болдым. Бірақ ол адам да ішеді екен, – деген екен.

***

Сабақтан сұранып кеткен баланың үйіне мұғалімі іздеп келеді. Оны көрген әжесі:

– Балам, тығылып қал, апайың келе жатыр, – десе, немересі:

– Әже мен емес, сіз тығылыңызшы. Мен сізді «өліп қалды» деп сабақтан сұранып кетіп едім, – депті.

***

Халықаралық аэропортта ағылшын, француз, қазақ шекарадан кіргелі тұрады.

Ағылшыннын чемоданынан 7 іш киім шығады.

- Жеті іш киімді қайтпексің.

Ағылшын:- Аптаның 7 күні бар, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі.... әр күнге біреу ғой дейді.

Француздан 8 іш киім шығады.

- Жетеуді түсіндік, сегізі қайткенің?

- Аптаның 7 күні бар, біреуі запас қой, - дейді.

Кезек қазақтың чемоданына келеді, ішінен 12 іш киім шығады.

- Не бар болса қазақта бар, міне таза жігіт! - деп сұрақты қайталаған екен.Қазақ:

- Жылда он екі ай бар; қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр, маусым, шілде...

***

Бір студент емтихан тапсырып жатыр.

Мұғалім: - Екі жыртқыш аң айт.

Студент: - Арыстан,жолбарыс

Мұғалім: - Енді 5 жыртқыш аң айт.

Студент: - Екі арыстан, үш жолбарыс....

***

- Студент Алпысбаев, сіз неге мені тыңдамай отырсыз? - дейді профессор

- Мен сізді тыңдап отырмын, профессорғ -дейді студент.

- Олай болса менің соңғы айтқандарымды қайталаңыз

- "Студент Алпысбаев, сіз неге мені тыңдамай отырсыз"

***

"Мен әзілдедім" - деген сөздің астарында үнемі бір шындық жатады. "Мен білмеймін" - деген әр сөздің астарында бір білім жатады. "Маған бәрібір" - деген әр сөздің астарында жан толғанысы жатады. "Бәрі жақсы" - деген әр сөздің астарында бір мұң жатады.





# ИСРАИЛ САПАРБАЙДАН бата алған бала

**Өмірде жастайынан жарқырап көрінген таланттылар бар. Бірақ олардың кейбірінің өмірі қысқа болатыны өкінішті. Солардың бірі – былтыр жиырма үш жасында өмірден өткен дарынды жас ақын Бағжан Бақбергенұлы еді.**

Он бір жасында көрнекті ақын Исраил Сапарбайдан бата алған қалақтай сары бала аудандық, облыстық, республикалық ақындар байқауынан бас бәйгені иеленген-ді. Мұндай құрметті өзі білім алған Талғар ауданы Кендала ауылы №36 орта мектебінде оқып жүргенде көптің көзіне түскен. Жақында өзінің ұшқан мектебі «Өлеңім, мені әлдиле» атты еске алу кешін өткізді. Ұжым шәкірттеріне арнап, оның ақындық шығармашылығына қатысты суреттері мен жеткен жетістеріне арналған деректер қойылыпты. Кешке «Мұқағали» журналының бас редакторы Дүйсен Мағұлмов, ақындар – Дәулетбек Байтұрсынұлы, Құл-Керім Елемес, Камнұр Тәлімұлы, Бексұлтан Көлбаев, айтыскер ақын Даубай Мамытұлы, Жазушылар одағының Алматы облысы филиланың төрағасы, ақын Ержан Тоқтар Алматыдан арнайы келіп қатысты.

Сонымен қатар іс-шарадан Талғар аудандық мәдениет басқармасының басшысы Фарида Бегенбаева және кітапханашылар мен ұстаздар, оқушылар да табылды. Мектеп директоры Динара Майлыбайқызы білім ордасында Бағжандай талантты оқушының оқығанына және аудан атынан талай жазба ақындар байқауларына қатысып, жеңімпаз атанғын мақтанышпен еске алды. Оның білімділігі мен ақындық ерекшелігіне тоқталып, жоғары білім алған соң, ұстаз болып еңбек жолын жалғастырған. Оның ақындық өмірі ұжым мен оқушылар үшін мақтаныш десе, оқушылар мен Бағжанның іні-қарындастары оның әр жылдарда жазылған өлеңдерін оқыды. Жас таланттың өмірі мен жетістігі туралы бейнебаян көрсетілді. Белгілі ақын Камнұр Тәлімұлы кеш кейіпкерін тебіреніспен былайша еске алды:

– Мен Бағжанды он бір жасынан бері білемін. Көрнекті ақын Исраил Сапарбаймен кездесу кезінде өзінің өлеңін оқыды. Үлкен жүректі ағамыз кішкентай балаға ыстық ықыласын білдіріп, батасын берді. Сахнада өзін еркін ұстап, өлең оқыған Бағжанға мен де қайран қалып, сол күннен бастап, өлең деген өнеріне белін будым. Ойы керемет, қиялы ұшқыр зеректігіне тәнті болып, қанатын қатайтуға ақыл кеңесімді бердім. Бағжанның шығармашылығының шыңдалуына сынып жетекшісі Фарида Қаратаеваның да ықпалы тиді. Ол ауданның атынан талай жыр байқауларына қатысып, өз қатарынан оқ бойы озық тұратын. Өлеңдері жүрекке жылы тиетін. Оның өлеңдерінің әрбір шумағының соңғы екі жолында терең даналық сөзі жататын. Мектеп бітірмей жатып, бір кітаптың жүгін көтеретін өлеңдері болды. Оны жинақтап, кітап шығаруға ниеттенген. Балалық арманның үмітінің биік екенін сонда көргенмін. Мектеп бітіріп, Абай атындағы Қазақ педагогикалық ұлттық университетінің филология факультетіне түсті. Он сегіз жасар студент «Тағылым тамшылары» атты жыр кітабын шығарып, тұңғыш туындысының тұсаукесерін жасады. Тұсаукесерге белгілі ақындар






қатысып, жас ақынға жоғары бағасын берді. 2024 жылы Бесағаш ауылының Мәдениет үйінде аудандық жастар ұйымының қолдауымен жыр кешін өткізді. Кешке сексеннен асқан ақын ағамыз Исраил Сапарбайдың өзі келіп қатысты. Бағжанға бала кезінде батасын берген оның өлем есейіп кемелденген шағына үлкен үміт ақын болыпты деп, сахна төрінде ізгі ниетін тағы білдірген. Амал не, араға жыл салмай осыдан сегіз ай бұрын өлең өріміндегі жас талант бақилыққа аттанды. Бәріміз жас жеткіншекті өлімге қимадық. Ол ерекше жан еді. Осы мектепте оқып, жыр бәйгесіне қатысты. Арынды ақындар айта алмаған тың ой, ұшқыр сезім, құрылымы бөлек шумақтармен өлең жазды. Бағжан дарын иесі, болмысы бөлек ақын екенін танытып кетті.

Бүгінгі кеште мектептеріңіздің түлегі Бағжан Бақбергенұлының «Өлеңім мені әлдиле» атты жаңа туындысының тұсауын кесеміз. Жарқ етіп, өлең өзенінде жүзген бала ақынды алтын ұясы құрметпен еске алу ұрпақ үшін үлгі өнеге. Осындай талантты да дарынды балалар білім ордасынан қанаттарын қатайтып ұша берсін. Талантты бағалау өнерді бағалау және құрмет. Өз шәкіртін еске алған ұжымына және оның рухына бас иген ақын ағаларына алғысым шексіз, – деді.

– Бағжан Бақбергенұлындай дарынды баланы мектеп қабырғасында жүрген кезінде Іле ауданының бас имамы Мұхтар деген азамат «Мәулет» мерекесіне алып келді. Мерекеге көпке жақсы таныс Камнұр Тәлімұлы өзінің бір топ шәкіртімен келіпті. Олардың арасында Бағжан да бар. Шара жақсы өтті. Сонда Бағжан мұсылманша амандасып, бірден Пайғамбарымыз (с. ғ. с.) арнап өлеңін оқыды. Араға бірнеше жыл салып, мектептің жоғары сыныбында оқып жүргенде үйге іздеп келіпті. Қолында көп өлеңнің қолжазбалары бар. Біз бірер сағаттай әңгімелесіп, оның жазған өлеңдерін алып қалдым. Сол өлеңдерді көп ұзамай кітап етіп шығардық. Болашақ туындысының атын «Тағылым тамшылары» деп өзі қойыпты. Ол жылдары Бағжан жоғары оқу орына түсіп, студент атанған кезі. Біздер тұңғыш кітабының тұсаукесерінде болып, жас ақынның керемет жырларымен таныстық. Өлеңінде мін жоқ, әдемі ұйқас, кез-келгеннің жан дүниесіне өте жақын өлеңдерін тыңдадық. Түйгеніміз жас таланттың шығармашылығына риза болдық. Уақытта тоқтам бар ма, ол оқуын бітіріп, ұстаздық жолды таңдады. Ақындықтың арнасына түсіп, қазақ поэзиясына өзіндік лебімен көрініп жүрді. 2024 жылдың маусым айында Бесағаш ауылының Мәдениет үйінде шығармашылық екінші кешін өткізді. Кешке қаладан Исраил Сапарбай бастаған ағасы келіп, сөз сөйледі. Бағжанға бағасын берген дуалы ақын, оның өлең өлкесінде есейгенін, кемелді шағына ризашылығын білдірді. Иә, кеш әсерлі өтті. Жалындаған жас ақынның өлеңдері терең сезімге, үлкен толғанысқа толы болғанына көңіліміз толды. 2025 жылдың жазында біз ерекше ұлдан айырылдық. Жүрекке ауыр тиді. Бағжан – Алланың құлы, талантты ақын еді. Сондықтан да оны іздеушілердің аяғы суымайды. Есімі ұлтымен бірге ұзақ жасайтынына сенім мол, – деді «Мөлдір бұлақ» журналының бас редакторы Дәулетбек Байтұрсынұлы.

Еске алу кешінде «Мұқағали» журналының бас редакоры Дүйсен Мағзұмов басылымның келесі санында Бағжан Бақбергенұлының өлеңдері жарияланатын айтса, ақындар – Құл-Керім Елемес, Даубай Мамытұлы, Бексұлтан Көлбаев, Ержан Тоқтарлар Бағжан рухына арнап өлеңдерін арнады. Аудан мен ауыл әкімшілігінен – Фарида Бегенбаева және Алмас Нұрдәулетовтер де жас ақынға арналған еске алу кешінің үлкен мәні барын және оны тәрбиелеген ата-анасына рахметтерін айтты. Кеште Бағжан Бақбергенұлының «Runa» баспасынан шыққан «Өлеңім, мені әлдиле» атты жыр жинағының тұсауы кесілді. Қонақтар болашақта өзі оқыған білім ұясынан «Бағжан Бақбергенұлының сыныбы» ашылса» деген ниеттерін білдірді және де оқыған мектебін ақындығымен республикаға танытқан оқушы еді» деген пікір айтылды.



**Жексен АЛПАРТЕГІ**

**ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

*«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:*

| | | |
|---|---|---|
| 1 жылға | қала үшін 5750,88 теңге | ауыл/аудан үшін 5974,32 теңге |

**Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады**

**Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 теңге.**
**100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 теңге.**
**1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 теңге.**

**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Күлтөлеу МҰҚАШ**

**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**

**Жауапты хатшы –**
**Гүлмира САДЫҚ**

**Бөлім редакторлары:**
**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**
**Нұржан АСАН (көркемдеуші)**

**Аймақтағы тілшілер:**
**Астана тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

**Тарату бөлімі:**
**Астанада:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

**Шымкентте:**
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

**Астанада "Алты Алаш" дүңгіршіктерінде сатылады**
(8-701-572-88-47)

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте "Қазақпараттың" материалдары пайдаланылды.

Газет "Қазақ үні" компьютер орталығында беттелді

**ТАРАЛЫМЫ – 11 100**

**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**

**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31

**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**

**Кезекші редактор**
**Гүлмира Садық**

ТОО "Қазақ үні"
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО "БанкЦентрКредит"
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет "Алматы-Болашақ" баспаханасында басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген